Әділсу шұғыласы

№ 35 (9120),
жұма, 11 қыркүйек
2026 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КЕДЕН ҰЙЫМЫНЫҢ БАС ХАТШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Дүниежүзілік кеден ұйымының Бас хатшысы Иэн Сондерспен кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы Дүниежүзілік кеден ұйымымен еліміздегі кеден заңнамасын жетілдіру және кедендік әкімшілендіру тиімділігін арттыруға қатысты ынтымақтастық маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Президент Қазақстан Еуразиядағы көлік қатынасын нығайтуға және жүк тасымалына қолайлы жағдай жасауға көп күш-жігер жұмсап жатқанын айтты. Сондай-ақ «ақылды шекара» моделін дәйекті түрде дамытып келе жатқанын, кеден рәсімдерін оңтайландыру үшін цифрлық шешімдер кеңінен қолданылатынын жеткізді.

Иэн Сондерс Дүниежүзілік кеден ұйымы мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас қарқынына жоғары баға беріп, еліміз кедендік әкімшілендіру ісін жетілдіруде, заманауи цифрлық шешімдерді енгізуде және тиісті органдардың институционалдық құзыретін нығайтуда елеулі табысқа жеткеніне тоқталды.

Президент пен Ұйым жетекшісі 30 жылдан аса уақыт бойы табысты ілгерілеп келе жатқан өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға бейіл екенін растады.

Бұдан бөлек, әлемдік саудадағы сын-қатерлер мен үдерістер жайында пікір алмасып, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту және Орталық Азия өңірінің көлік-логистика әлеуетін арттыру перспективасына айрықша назар аударды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев серіктестік пен достық байланыстарды нығайтуға қосқан үлесі үшін Дүниежүзілік кеден ұйымының Бас хатшысы Иэн Сондерсті II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

akorda.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ ВАЛЕРИЙ МИХАЙЛОВҚА ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев ақын, журналист, Қазақстанның халық жазушысы Валерий Михайловты 80 жылдық мерейтойымен құттықтады.

– Табиғи талантыңыз бен еңбекқорлығыңыздың арқасында шығармашылық жолыңызда ерен табысқа қол жеткіздіңіз. Ұзақ жылдар бойы еліміздің беделді басылымдарында жемісті еңбек етіп, «Казахстанская правда» газеті мен «Простор» журналын басқардыңыз. Адамгершілігі мол әрі өмірлік ұстанымдарынан айнымаған тұлға ретінде қаламгерлер арасында және қоғамда үлкен құрметке бөлендіңіз, – деп жазылған жеделхатта.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Валерий Михайловтың бірнеше буын оқырман қызыға оқитын шығармалары төл әдеби қазынамыздың бір бөлшегі ретінде лайықты бағаға ие болғанына назар аударды.

akorda.kz

ЖЕТІСУДА «ТАЛДЫҚОРҒАН - ҮШТӨБЕ» АВТОЖОЛЫНЫҢ ЖӨНДЕУІ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН



Жетісуда облыстық маңызы бар «Талдықорған - Үштөбе» автожолының орташа жөндеуі аяқталуға жақын. Жалпы ұзындығы 42 шақырым болатын облыстық маңызы бар бұл жолдағы құрылыс жұмыстарының барысымен бүгін облыс әкімі Бейбіт Исабаев танысып қайтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Биылғы жылы Талдықорған мен Үштөбе қалаларының арасындағы «Талдықорған – Үштөбе – Быжы – Мұқыры» жолына толықтай орташа жөндеу жүргізілуде. Атап айтқанда, бұл нысандағы жұмыстар екі учаскеге - 7-22 км және 22-49 км аралығында атқарылуда. Бүгінгі күні 42 шақырымның 39 шақырымында жұмыстар аяқталып, қалған 3 км асфальт төсеу жұмыстары жүріп жатыр.

Аталған нысанға арнайы барған облыс басшысына мердігер ұйым өкілі құрылыс жұмыстарының барысы жайлы баяндады. Оның айтуынша, қазіргі таңда құрылыс алаңында 50-ден астам техника, 90-ға жуық жұмысшы жұмылдырылған. Қалған 3 шақырымдық учаскеге асфальт төсеу жұмыстары алдағы 3-4 күнде аяқталады, абаттандыру жүргізіледі. Келісімшартқа сәйкес жобаны қараша айында бітіру керек болатын, жөндеу жұмыстары кестеден озық келе жатқандықтан, мерзімінен бұрын, яғни қазан айында бітіру жоспарланып отыр.

Сондай-ақ облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ғалымжан Дәрібаевтың айтуынша, жөндеу жұмыстары жүріп жатқан учаскеде айналма жол қарастырылған. Онда шаң көтерілуді болдырмау үшін су шашу жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Аталған жол бойында 4 жерден бағдаршам орнатылуда, 4 аялдамаға жөндеу жүргізілді. Сонымен қатар жол бойындағы жол таңбалары термопласт материалымен жасалған. Әдеттегі жол таңбалары үш айға жарамды болса, бұл материал бір жылдан астам қызмет етеді.

Облыс әкімі жол сапасының тиісті жауапты мекемелер тарапынан ерекше назарда болуы керектігін айтты.

- Жол – халыққа қажетті және өңірді дамытуда ең маңызды инфрақұрылым. Сондықтан біз соңғы жылдары облыс аумағындағы негізгі жолдардың барлығын жөндеуге басымдық бердік. Соның арқасында жақсы және қанағаттанарлық деңгейдегі облыстық маңызы бар жолдардың үлесін 97 %-ға жеткіздік. Бұл - республика бойынша ең алдыңғы көрсеткіштердің бірі. Ал «Алматы – Талдықорған» автожолының жөнделіп жатқан учаскесін аяқтасақ, республикалық жолдардың жақсы және қанағаттанарлық деңгейін 100 пайыздық көрсеткішке жеткіземіз, - деді Бейбіт Исабаев.

«Талдықорған - Үштөбе» автожолының жөнделгеніне аудан тұрғындары риза.

- Мен Абай ауылында тұрамын. Талдықорғанға барып-келіп жұмыс істеймін. Сондықтан осы жолмен күнделікті екі уақыт тұрақты қатынаймын. Бұрын жолдың ойлы-шұңқыры көп болатын, ол жолаушыларға жайсыздық туғызатын. Қазір жол жөнделіп жатыр. Енді аз ғана бөлігі қалды. Сәл шыдасақ, күнделікті сапалы жолмен қатынайтын боламыз, - деді Ержан Ошанов.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ: ЕЛІМІЗДІҢ ӨҢІРЛЕРІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТЕМІРЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЖАҢА НЫСАНДАРЫ АШЫЛДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын жүзеге асыру аясында еліміздің өңірлерінде көлік желісін жаңғырту, жаңа оқушы орындарын ашу және мектепке дейінгі білім беруге қолжетімділікті арттыру бойынша жүйелі жұмыс жалғасып келеді. Өткен аптада көлік және білім беру бойынша пайдалануға берілген нысандар:

Теміржол инфрақұрылымы

Абай облысында теміржол инфрақұрылымын жаңғырту бағдарламасы аясында Шар, Үшбиік, Жарма және Жалаңашкөл стансаларындағы жаңартылған төрт теміржол вокзалы пайдалануға берілді. Нысандар күрделі реконструкциядан өтті. Тозығы жеткен құрылыстар бұзылып, қосымша қабаттар салынды. Бұл кешендердің аумағын кеңейтуге жаңа перрондар мен платформалар салуға, сондай-ақ күту залдарын қайта жабдықтап, қозғалыс мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін кедергісіз орта құруға мүмкіндік берді.

Ақтөбе облысында 1905 жылы салынған Жем теміржол вокзалы реконструкциядан кейін қайта ашылды. Кешеннің жалпы аумағы 387,5 шаршы метрден 421,2 шаршы метрге дейін ұлғайтылды. Шатыры мен қасбеті жаңартылып, ішкі бөлмелері қайта жабдықталды, инженерлік желілері жаңғыртылды. Перрон реконструкцияланып, іргелес аумақ абаттандырылды. Күту залдары жаңа жиһаздармен және заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Білім беру

Ақтөбе облысында оқу жылының басталуына орай жеті жаңа мектеп ашылды: Ақтөбе қаласында – үш, Темір ауданында – екі, Мұғалжар және Мәртөк аудандарында бір-бірден. Ғимараттар пәндік кабинеттер, спорт залдары, цифрлық жабдықтар және қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталған. Жалпы өңірдің 449 мектебінде оқу жылын 194 мыңнан астам бала бастады, оның ішінде 20 мыңнан астамы – бірінші сынып оқушылары.

Алматы облысында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 4,2 мың орынға арналған бес жаңа мектеп ашылды, тағы 10 нысан күрделі жөндеуден кейін пайдалануға берілді. Білім беру ұйымдары STEM зертханалары, робототехника кабинеттері, спорт залдары және қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталып, кедергісіз орта қалыптастырылды.

Түркістан облысында тоғыз жаңа мектеп пен қосымша ғимарат пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, өңірде күрделі жөндеуді қажет ететін 115 мектепті жаңарту және жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Түркістан облысында 50 мыңнан астам бала бірінші сыныпқа барды.

Ұлытау облысының Мыңадыр ауылында Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты есебінен (заңсыз иемденілген активтерді қайтару есебінен) 80 орындық жаңа мектеп ашылды. Ғимаратта 18 сынып, робототехника кабинеті, спорт залы, сондай-ақ футбол және баскетбол алаңдары бар.

Алматыда 120 және 160 орындық екі жаңа балабақша ашылды. Ондағы топтардың әрқайсысы интерактивті тақталар және мобилді цифрлық құрылғылармен жабдықталған. Ғимараттарда спорт және музыка залдары, қазақ тілі кабинеттері, психолог кабинеті және шығармашылықпен айналысуға арналған кеңістіктер қарастырылған.

primeminister.kz

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ: ЕЛІМІЗДЕ «ҚЫЗЫЛ АЙМАҚТАҒЫ» ЖЭО САНЫ ТӨРТ ЕСЕ ҚЫСҚАРДЫ

Қазақстанда энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, оның тозу деңгейін төмендету және негізгі нысандардың сенімділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. 2024–2026 жылдар аралығында «қызыл аймақтағы» жылу электр орталықтарының (ЖЭО) саны 19-дан 5-ке дейін қысқарды. Сонымен қатар жылыту кезеңінде электр станцияларындағы технологиялық бұзушылықтар саны 32%-ға төмендеді.

Еліміз өндіруші жаңа қуат көздерін іске қосу жұмыстарын жеделдетіп, жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғыртуда. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқару үдерістері де цифрлық негізге көшірілуде.

Аталған жұмыстар Мемлекет басшысының 2025 жылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған міндеттерді жүзеге асыру аясында жүргізілуде. Президент тұрғын үй-коммуналдық және су инфрақұрылымын жаңғыртуды елімізді орнықты дамытудың негізгі факторларының бірі ретінде белгіледі. Энергетика саласын дамытуға ерекше назар аударылуда. Жаңа өндірістерді іске қосу және экономиканы цифрлық трансформациялау үшін электр энергиясының жеткілікті көлемін қамтамасыз ету және энергиямен жабдықтаудың сенімділігін арттыру қажет.

2026 жылы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы жоспарланған барлық энергетикалық қуат көздерін белгіленген мерзімдерді кейінге қалдырмай, 2027 жылдың соңына дейін толық іске қосуды тапсырды. Сондай-ақ Оңтүстік аймақтағы электр желілерін дамыту және Батыс аймақтың энергия жүйесін Бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен біріктіру жобаларын аяқтау, салада жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, онлайн-мониторинг енгізу жөнінде міндет қойылды.

Бұдан бөлек, бұған дейін Ұлттық құрылтай отырысында Президент Үкіметке «таза» көмір генерациясын дамыту жөніндегі ұлттық жоба қабылдауды тапсырған болатын.

Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымның жағдайы қалай өзгеріп жатқаны, қандай жаңа қуат көздері іске қосылатыны және жаңғырту жұмыстары халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасына қалай әсер ететіні туралы Primeminister.kz редакциясының шолуынан оқи аласыздар.

Энергетика саласы: жылу электр стансалары тәуекел аймағынан кезең-кезеңімен шығарылуда

2024-2025 жылдары еліміздің электр стансаларында 20 энергоблок, 118 қазандық және 84 турбина жөнделді. Электр стансаларының орташа тозуы 56%-дан 53%-ға дейін төмендеді, ал 2026 жылғы жөндеу науқанының қорытындысы бойынша оның одан әрі төмендеуі 52% болады деп күтілуде.Сонымен бірге сенімділік көрсеткіштері де жақсаруда. Егер 2023-2024 жылдардағы жылу беру кезеңінде электр стансаларында 1 469 технологиялық ақау тіркелген болса, 2025-2026 жылдары ол 1 004 болды. Жылу желілерінің температуралық кестелерін сақтамау жағдайларының саны 215-тен 21-ге дейін, яғни 10 еседен астамға қысқарды. Соңғы 2 жылда «қызыл аймақтағы» ЖЭО-лар саны 19-дан 5-ке дейін түссе, «сары аймақтағы» ЖЭО-лар саны 11-ден 19-ға дейін өсті, бұл ретте «жасыл аймақтағы» стансалар саны 2 есеге – 7-ден 14-ке дейін өсті.

Жаңа қуат көздері: 2027 жылғы ішкі сұранысты қамту

Келесі кезең – қуат көздерін кеңейту. 2025 жылы жалпы қуаты 166 МВт болатын дәстүрлі энергетика нысандары, сондай-ақ 503,5 МВт болатын 9 ЖЭК жобасы іске қосылды. 2026 жылы 2,6 ГВт дәстүрлі және жаңартылатын генерацияны енгізу жоспарланған. Қызылордада қуаты 240 МВт болатын бу-газ қондырғылары (БГҚ) іске қосылды. Текелі энергокешенін жаңғырту аяқталды, оның қуаты екі жыл ішінде 53 МВт-қа ұлғайтылды. Ең ірі жаңа нысандардың бірі – қуаттылығы 1 ГВт-тық «Түркістан» БГҚ болды, ол елдің оңтүстік аймағын энергиямен жабдықтауды күшейтеді.

2027 жылы тағы 845 МВт жаңа энергия қуатын енгізу жоспарлануда. Бұл I тоқсанда елдің электр энергиясына деген қажеттілігін жабуға, ал жыл соңына қарай шамамен 1,3 млрд кВт\сағат профицит қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Көмірді қуат көзіне айналдырудың ұлттық жобасы 2030 жылға дейін 8 жаңа энергия көздерін салуды және 7,8 ГВт-тық жұмыс істеп тұрған 11 электр стансасын жаңғыртуды көздейді. Курчатовта қуаттылығы 700 МВт болатын КЭС құрылысы басталды. ЖЭК саласында 2035 жылға дейін жиынтық қуаты кемінде 8,4 ГВт болатын жобаларды жүзеге асыру көзделген.ТКШ: жаңғырту 700-ден астам жобаны қамтиды

Коммуналдық инфрақұрылымды жүйелі жаңартудың негізгі тетігі – «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы. Оның өтінімдер тізілімінде тозу деңгейі мен техникалық жай-күйі туралы әртүрлі 700-ден астам жоба бар. Ұлттық жоба шеңберінде 20 өңірде 451 табиғи монополия субъектісінің жағдайы талданды, оның 305-і жаңғыртуды дербес қаржыландыруға мүмкіндіктері шектеулі. 2029 жылға дейін маңызды инфрақұрылымдық тәуекелдерді жүйелі төмендету көзделген. Қомақты қаражат сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға тікелей бағытталады. 2025 жылы республикалық бюджеттен 257 жобаны жүзеге асыруға 106 млрд теңге, Арнаулы мемлекеттік қордан тағы 229 жобаға 135,8 млрд теңге көзделген. 2026 жылы жалпы сипаттағы трансферттер мен жергілікті бюджет қаражаты есебінен сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға шамамен 209 млрд теңге қарастырылған. Қазақстандық тұрғын үй компаниясының желісі бойынша шамамен 145 млрд теңге сомасына 103 жобаны қаржыландыру қамтамасыз етілді. Қаражат жылу, сумен жабдықтау және су бұру желілерін, су тазарту кешендерін реконструкциялауға және өндірістік процестерді автоматтандыруға бағытталады.

Сумен жабдықтау: тозуды азайту және тазарту қондырғыларын жаңарту

2021 жылдан бастап халықты ауыз сумен қамтамасыз етуге шамамен 1,6 мың жоба аясында 835 млрд теңге бағытталды. Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесімен 34 қала және 756 ауылдық елді мекен қамтамасыз етілді, ал тағы 699 ауылда кешенді блок-модульдер орнатылды.



Қолданыстағы желілердің тозу деңгейі төмендеп келеді. Сумен жабдықтау желілерінің тозу көрсеткіші 2023 жылғы 40%-дан 2025 жылы 38%-ға дейін төмендеді. Су бұру желілерінің тозу көрсеткіші тиісінше 56%-дан 54%-ға дейін төмендеді. Ұлттық жоба 2029 жылға қарай сумен жабдықтау желілерінің тозу деңгейін 33%-ға дейін, ал су бұру желілерінің тозуын 41%-ға дейін төмендетуді көздейді. Сонымен қатар кәріз инфрақұрылымы жаңғыртылуда. 2026 жылы 3 жаңа тазарту құрылысын, 2027 жылы — 23, 2028 жылы – 15 және 2029 жылы — тағы 4 нысанды іске қосу жоспарланған. Нақты жобалардың қатарында ондаған мың тұрғындар мен абоненттерге есептелген Зачаган мен Оралдағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту бар.

Сапаға сай тариф: бақылау күшейтіледі

Коммуналдық қызметтердің сапасын тарифтік шешімдерге сәйкес арттыру қағидаты инвестициялық бағдарламалар мен табиғи монополиялар субъектілерінің міндеттемелері арқылы іске асырылады. Олар үшін сапа, сенімділік және тиімділік көрсеткіштері белгіленеді, ал міндеттемелер орындалмаған жағдайда тариф қайта қаралуы немесе уақытша өтемдік тариф енгізілуі мүмкін.

Smart Turmys: коммуналдық сала цифрлық есепке көшуде

Ашықтықты арттыру құралдарының бірі – Ұлттық цифрлық Smart Turmys платформасы. Ол жылжымайтын мүлік объектілері, абоненттер, есептеулер, төлемдер және коммуналдық ресурстарды тұтыну туралы деректерді бір жүйеге біріктіреді.

Сонымен қатар ресурстарды интеллектуалды есепке алу ауқымы кеңейіп келеді. 2026-2027 жылдары шамамен 4,76 млн интеллектуалды есепке алу құралын орнату жоспарланған. Автоматтандыру есептеулердің дәлдігін арттыруға, техникалық және коммерциялық шығындарды ажыратуға, сондай-ақ бүгінде мамандардың қатысуымен қызмет көрсетілетін 9,3 млн есепке алу нүктесінің қызмет көрсету шығындарын қысқартуға тиіс.

Газбен қамту: халыққа және экономикаға арналған инфрақұрылым

2026 жылдың басындағы жағдай бойынша табиғи газбен 13,1 млн адам немесе Қазақстан халқының 64,2%-ы қамтамасыз етілген. 2025 жылы 94 елді мекендегі 354 мыңнан астам тұрғын газға қосылды, ал 2026 жылға жоспарланған жобалар аясында тағы шамамен 36 мың адам газға қол жеткізеді. Негізгі мақсат – 2035 жылға қарай газдандыру деңгейін 80%-ға жеткізу. Артып келе жатқан сұранысты қамтамасыз ету үшін газ тасымалдау инфрақұрылымы кеңейтілуде. 2026 жылдың соңына дейін жылына 10 млрд м³-ге дейін газ өткізу қуаты бар «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральды газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін аяқтау жоспарлануда, ал 2027-2029 жылдары оның өткізу қабілетін жылына 15 млрд м³-ге дейін арттыру көзделген. Сонымен қатар газ өңдеу қуаттары да артып келеді. Қашағанда жылына 1 млрд және 2,5 млрд м³ газ өңдейтін газ өңдеу зауыттарының жобалары жүзеге асырылуда, Қарашығанақта қуаты жылына 5 млрд м³-ге дейінгі зауыт салу мәселесі пысықталуда, ал Жаңаөзенде қуаты жылына 900 млн м³-ге дейінгі газ өңдеу зауытының құрылысы жүріп жатыр.

Осылайша, энергетика мен ТКШ-ны жаңғырту шаралары қолданыстағы нысандардың сенімділігін арттыру мен жаңа генерация қуаттарын іске қосудан бастап, коммуналдық желілерді жаңартуға, газбен жабдықтауды дамытуға және есепке алуды цифрландыруға дейін салалық инфрақұрылымның барлық кешенін қамтиды.



primeminister.kz

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ: ЖЕТІСУҒА КҮНДЕЛІКТІ 27 ВАГОН КӨМІР ЖЕТКІЗІЛУДЕ



Жетісу облысының алдағы жылу беру маусымына дайындығы жоспарлы түрде жүріп жатыр. Қазіргі уақытта өңірге тәулігіне орта есеппен 27 вагон немесе шамамен 1 900 тонна көмір жеткізілуде. Қатты отын жеткізу жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар көмір сатылатын орындар туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, қазіргі таңда 110 мың тонна көмір дайындалды. Қажетті қорды қалыптастыру жұмыстары жалғасады.

«Қазіргі уақытта Жетісу облысында **46 көмір тұйығы мен қоймасы жұмыс істейді. Оларда 31,8 мың тонна көмір бар. Сонымен қатар отын жеткізу жұмыстары күн сайын жүргізілуде. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-ның мәліметінше, облысқа тәулігіне орта есеппен 27 вагон келеді. Оның 14 вагоны – Шұбаркөл көмірі, 13 вагоны – Қаражыра көмірі. Күн сайын жеткізілетін отынның жалпы көлемі 1 863 тонна құрайды. Күзгі-қысқы кезеңде сұраныстың күрт артуына байланысты көмір кезегінің туындауына және отынды тасымалдаудың кешігуіне жол бермеу үшін көмірді қолайлы ауа райы кезінде, суық түскенге дейін алдын ала сатып алу қажет екенін тұрғындардың есіне саламыз», – деді энергетика және ТҮКШ басқармасының энергетика және инфрақұрылымдық даму бөлімінің басшысы Ернар Елуханов.

Осылайша, өңірде алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес жалғасуда. Көмірдің күн сайын жеткізілуі қажетті қорды кезең-кезеңімен жинақтап, тұрғындарды қысқы отынмен қамтамасыз етуге толықтай мүмкіндік береді.

Фотограф: Қанат Өмірәлинов

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

КОЛЛЕДЖДЕРДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫСТЫҢ 51,7%-Ы ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНА БӨЛІНДІ, ТҮЛЕКТЕРДІҢ 62%-Ы ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРЫЛДЫ

Жетісу облысында кәсіптік білім беру жүйесін өңір экономикасының қажеттіліктерімен тығыз байланыстыру бағытында елеулі жұмыстар атқарылды. Бүгінде өңірдегі колледждер мамандарды бекітілген оқу бағдарламалары бойынша ғана емес, кәсіпорындардың сұранысы мен еңбек нарығындағы өзгерістерге де бағдарлана отырып дайындауда. Биылғы жылы мемлекеттік білім беру тапсырысының тең жартысынан астамы, яғни 51,7%-ы жұмысшы кадрлар даярлауға бағытталып отыр. Бұл ретте өткен жылдың қорытындысы бойынша түлектердің 62% жұмысқа орналастырылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық білім басқармасының мәліметінше, 2026 жылы облыс колледждеріне 5 325 адам қабылданса, соның 4 505-і мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуда. Аталған 4 505 орынның жартысынан астамы – 2 330 орын жұмысшы біліктіліктері бойынша кадрлар даярлауға бағытталған.

Сұранысқа ие мамандықтар арасында электргазбен дәнекерлеуші, бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу, газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу, автомобильдерді жөндеу слесарлары, токарь, фрезерлеуші, ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу шебері және басқа да мамандықтар бар.

Сонымен қатар электр техниктері, гидромелиорация техниктері, мехатроника техниктері, BIM-техниктер және басқа да орта буын мамандарын даярлауға 2 085 орын қарастырылған. Сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз ету және ақпараттық жүйелер саласында қолданбалы бакалаврларды даярлауға 90 орын бөлінді.

Бұл ретте «Мамандығым – болашағым» бағдарламасы шеңберінде облыста экономиканың 5 басым саласы, яғни өңдеу өнеркәсібі, энергетика және жаңартылатын энергия көздері, ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіп, туризм индустриясы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша жаңа кәсіптердің Өңірлік атласы әзірленген.

Оған қоса облыс әкімінің тапсырмасымен 2023-2025 жылдары колледждерде бейіндеу жүргізіліп, 15 колледжде заман ағымына қарай ескірген 45 мамандық жабылды. Бұл өз кезегінде колледждердің еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға бейімделуіне жағдай жасады.

Сондай-ақ өңір колледждерінің материалдық-техникалық базасы нығайтылуда. Студенттерге жайлы жағдай жасау үшін биыл 12 колледжде ағымдағы жөндеу жүргізілді. Оған қоса соңғы жылдары ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылды: Үштөбе қаласындағы 30 орындық жатақханасы бар 100 орындық гуманитарлық колледж, Талдықорғандағы Қ. Байсейітов атындағы саз колледжінің 100 орындық жатақханасы салынды.

- Атқарылған жұмыстардың нәтижесі түлектерді жұмысқа орналастырудан айқын көрінеді. Мәселен, 2025 жылы колледждердің күндізгі бөлімін 4 960 түлек аяқтаса, соның 2 018-і немесе 40,6%-ы жұмысшы мамандықтары бойынша білім алды. Күндізгі бөлімді аяқтаған түлектердің 62%-ы жұмысқа орналастырылды. Білімін жалғастырғандарды, Қарулы күштер қатарына шақырылғандарды және бала күтіміне байланысты еңбек демалысқа шыққандарды ескергенде, түлектердің жалпы жұмыспен қамтылуы 88,4%-ды құрады. Сонымен қатар өңірдегі 293 мекеме-кәсіпорындардың өтінімі негізінде 15 колледжде 28 мамандық бойынша 858 адам білім алып жатыр. Дуалды оқыту бойынша 16 мемлекеттік колледжде 32 мамандық бойынша 3 344 студент білім алуда, 155 кәсіпорынмен 285 келісімшарт жасалды, - деді облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов.

Атап өтсек, Жетісу облысында 27 колледж жұмыс істейді, олардың 21-і мемлекеттік, 6-уы жекеменшік. Оларда 13 973 студент білім алса, соның 10 467-сі мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды.

Фотографтар: Жұмабай Мұсабеков, Дмитрий Ерофеев,

Сол сияқты фотосуреттер облыс әкімі баспасөз қызметінің архивінен алынды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЖЕТІСУДА ҮШ ЭКОПАРКТІҢ ТАҒЫ БІРЕУІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Таза Қазақстан
Жалпыұлттық экологиялық акция

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында және Жетісу облысында туризмді дамыту мақсатында үш экопарк құру жұмыстары жүргізілуде. Солардың бірі – Талдықорған қаласындағы «Тасбақа» экопаркі өткен демалыс күндері ресми түрде ашылды. Атап айтқанда, бірінші кезеңінің аясында экопарк аумағында табиғи ландшафтын өзгертпей абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Еске салсақ, бұған дейін Сарқан ауданындағы «Қойтас» саябағына экопарк мәртебесі берілген болатын. Сондай-ақ Текелі қаласында «Серкесай» экопаркін абаттандыру жұмыстары жүргізілуде, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Экопарктің ашылу салтанатына экобелсенділер, туристік клубтар мен секциялардың тәрбиеленушілері, спортшылар, жастар ұйымдарының белсенділері қатысты. Жергілікті велоқоғамдастық өкілдері айтулы оқиғаға орай арнайы веломарафон ұйымдастырды.

Шараға қатысушыларды өңір басшысының атынан қала әкімі Ернат Бәзіл құттықтап, бұл аумақтың табиғи ерекшелігіне тоқталды. Сондай-ақ табиғи ортаны сақтап, оны келер ұрпаққа аманат етудің маңыздылығын атап өтті.

Сол сияқты «Алтын Адам» креативті орталығы» ҚБ төрайымы Динара Бакирова дәуірлер мен дәстүрлердің ажырамас байланысын паш ететін бұл тарихи-мәдени-экологиялық жоба, яғни экопарктің бүгінгі келбеті жергілікті атқарушы органдар мен экобелсенділердің бірлескен жұмысының нәтижесі екенін тілге тиек етті.

Ресми бөлімнен кейін әртүрлі локацияларда бір мезетте ойын-сауық және танымдық іс-шаралар өткізілді. Бағдарлама аясында ерекше қажеттілігі бар балалардың этнодефилесі, «Қызылтас» шатқалындағы ежелгі петроглифтерге экскурсия, балаларға арналған түрлі ойын-квесттер, қолөнершілер жәрмеңкесі, ұлттық ойындар, мерекелік концерт, сондай-ақ жаппай экологиялық акция өтті. Осылайша, айтулы шараға әр жастағы бірнеше мың адам жиналды.

– Табиғи сұлулығымен ерекше бұл орынның тарихы да бай. Мұнда ата-бабаларымыздан қалған петроглифтер – ежелгі жартас суреттері бар. Сондықтан енді бұл бірегей мекенді көздің қарашығындай сақтауға мүмкіндік беретін экопарктің құрылып жатқанына қуаныштымыз. Балаларымызды осында алып келіп, тарихымызбен жақынырақ таныстырамыз. Спортшы ретінде бұл жер өзімді де қатты қызықтырады, мұнда велосипедпен жарыстар өткізуге болады. Экопарктің ашылуына қуана қатыстық, - деді веломарафонға қатысушылардың бірі.

- Бұл жерге алғаш рет келіп отырмын. Мұнда осындай әдемі әрі ерекше орын бар екенін білмеппін. Мұнда отбасымызбен, әріптестерімізбен бірге келдік. Қала маңындағы осындай бірегей жердің көріктендіріліп жатқаны қуантады. Енді мұнда қоқыс тастамай, вандализмге жол бермей, болашаққа сақтап жеткізуіміз керек, - деді талдықорғандық жас.

- Өрмелеп, биікке шыққан әрине өте қызықты, әсері ерекше. Енді достарыммен бірге осында жиі келіп, биікте отырып, ойға шомып, айналадағы әсем көріністі тамашалайтын боламын. Петроглифтер де қызықтырады. Оларды жақынырақ көріп, қашан және қалай пайда болғанын білгім келеді. Өйткені есейе келе өз тарихыңды білудің маңызды екенін сезіне бастайсың, – деді мектеп оқушыларының бірі.

Еске салсақ, «Тасбақа» экопаркі Талдықорған қаласының маңындағы «Қызылтас» саяжай алқабының аумағында орналасқан. Мұнда осы аттас археологиялық кешеннің аумағында 600-ге жуық археологиялық ескерткіш бар. Бұл жердегі тағы бір көрікті нысан – сыртқы пішіні алып тасбақаға ұқсайтын көп тонналық тас кесегі. Қазіргі кезде саябақ аумағында кіреберіс, 4 беседка, 2 бақылау алаңы, фотозона, 20 орындық пен қоқыс жәшігі, 3 контейнерге арналған қоқыс алаңы және 10 жарықтандыру бағанасы орнатылды.

Атап өтсек, тағы екі экопарк Текелі және Сарқан қалаларында орналасқан, тиісінше «Серкесай» және «Қойтас» экопарктері. Осылайша, үш экопарк өңірде экологиялық және мәдени-танымдық туризмді дамытуға жаңа серпін бермек. Облыс орталығынан небәрі 3 шақырым жерде орналасқан «Тасбақа» экопаркі қала тұрғындары мен қонақтарының қысқа мерзімді демалысына, сондай-ақ табиғат аясында белсенді демалыс өткізуіне қолайлы болса, көркем табиғи ландшафттарымен ерекшеленетін «Серкесай» экопаркі спорттық демалысқа көбірек бағытталған. Ал «Қойтас» экопаркінде жайлы демалыспен қатар бос уақытты мазмұнды өткізуге де мүмкіндік қарастырылған. Мұнда балаларға арналған ойын және спорт алаңдары бар. Сонымен қатар аумаққа ағаштар отырғызылып, «Жоңғар-Алатау» ұлттық табиғи паркінің флорасы мен фаунасының ерекшеліктерін паш ететін жануарлар мүсіндері орнатылған.



Фотограф: Қанат Өмірәлинов

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

НАШАҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМҒА ОРТАҚ ҚАСІРЕТ!



Нашақорлық – бүгінгі қоғамның ең күрделі әлеуметтік мәселелерінің бірі. Есірткіге тәуелділік адамның денсаулығына ғана емес, оның отбасына, қоршаған ортасына және тұтас қоғамға үлкен зиян келтіреді. Сондықтан есірткімен күрес – тек медицина мамандарының немесе құқық қорғау органдарының міндеті емес, барша азаматқа ортақ жауапкершілік.

Есірткіге тәуелділік адамның өмірін біртіндеп өзгертеді. Алғашында қызығушылық немесе «бір рет байқап көру» сияқты көрінген әрекет уақыт өте келе тәуелділікке әкелуі мүмкін. Есірткі қолданған адамның денсаулығы нашарлап, психологиялық жағдайы өзгереді, оқуына немесе жұмысына деген қызығушылығы төмендейді. Ең өкініштісі – оның жақындарымен қарым-қатынасы бұзылып, отбасы мүшелері де ауыр жағдайға тап болады.

Нашақорлықтың алдын алуда жасөспірімдер мен жастарға ерекше көңіл бөлу қажет. Себебі бұл кезеңде адамның мінез-құлқы мен дүниетанымы қалыптасады. Баланың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасау, спортпен, өнермен және шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік беру – зиянды әдеттерден аулақ болудың маңызды жолдарының бірі. Сонымен қатар ата-ана мен бала арасындағы ашық әрі сенімді қарым-қатынастың маңызы зор.

Есірткі мәселесімен күресте ақпараттандыру жұмыстары да маңызды орын алады. Жастар есірткінің адам ағзасына, психикасына және болашағына тигізетін зардабын нақты білуі керек. «Есірткіден бір рет қана көремін» деген ойдың өзі қауіпті екенін түсіндіру қажет.

Нашақорлыққа душар болған адамды қоғамнан шеттету мәселені шешпейді. Керісінше, тәуелділікпен күресіп жүрген адамға кәсіби медициналық және психологиялық көмек көрсету, оны қолдау және қалыпты өмірге қайта оралуына жағдай жасау маңызды.

Есірткісіз қоғам құру – бір күнде жүзеге асатын іс емес. Ол үшін отбасы, мектеп, медицина, құқық қорғау органдары және қоғамдық ұйымдар бірлесе жұмыс істеуі керек. Әрбір жас өз болашағына жауапкершілікпен қарап, зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстағаны жөн.

Нашақорлықпен күрес – адамның өмірі мен болашағын қорғау. Есірткіге «жоқ» деу – өз өміріңе, отбасыңа және қоғамға деген құрмет.

«Бақтыбай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің Жетекші маманы М.Серік

КОЛЛИЗИЯНЫ АНЫҚТАУДАН - ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУГЕ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және заңнаманы жетілдіру

Заңнаманы жетілдіру және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Бұл жұмыста құқықтық қайшылықтарды уақтылы анықтау және оларды кейіннен жою ерекше маңызға ие.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы нормативтік құқықтық актілерді талдау барысында Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 665 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік кірістер органдары көрсететін мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларында бірқатар сәйкессіздіктерді анықтады.

Анықталған мәселелердің бірі «Транзиттік декларацияны қабылдау» мемлекеттік қызметінің ақылы көрсетілуіне қатысты болды. Қағидаларға сәйкес аталған қызмет тегін негізде көрсетілуі тиіс болған. Ал Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі № 171 «Мемлекеттік кірістер органдары алатын кедендік алымдардың мөлшерлемелерін бекіту туралы» қаулысында транзиттік декларацияны пайдалана отырып, тауарларды кедендік декларациялау үшін 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде кедендік алым белгіленген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтаманы беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдеріне қатысты да қайшылық анықталды. Қағидаларда белгіленген мерзім салық заңнамасында көзделген мерзімге сәйкес келмеген.

Анықталған сәйкессіздіктер оларды жою және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру жөніндегі ұсыныстар уәкілетті мемлекеттік органның назарына жолданды.

Жүргізілген жұмыстың және Департамент енгізген ұсыныстардың нәтижесінде № 665 Қағидаға тиісті өзгерістер енгізілді.

Аталған нәтиженің тек нормативтік емес, сонымен қатар практикалық маңызы да зор. Анықталған қайшылықтарды жою заңнаманы біркелкі қолдануды қамтамасыз етіп, азаматтар мен бизнес үшін құқықтық айқындықты арттырады және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алудың неғұрлым түсінікті әрі ашық жағдайларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Осылайша, Департаменттің заңнаманы талдау жөніндегі жұмысы мемлекеттік реттеуді жетілдірудің нақты құралына айналуда. Проблемалық нормаларды анықтау, оларға құқықтық баға беру және ұсыныстарды кейіннен іске асыру қолданыстағы сәйкессіздіктерді уақтылы жоюға ғана емес, жалпы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мұндай ұсыныстардың іс жүзінде іске асырылуы заңнамаға тұрақты түрде мониторинг жүргізу және оны одан әрі жетілдіру мақсатында мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының маңыздылығын көрсетеді. Дәл осындай тәсіл нормативтік базаның қазіргі заманғы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етіп, азаматтар мен бизнестің мүдделеріне бағдарланған мемлекеттік басқарудың неғұрлым тиімді жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ОТ ВЫЯВЛЕНИЯ КОЛЛИЗИЙ К СОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Совершенствование законодательства и повышение качества государственных услуг являются важными направлениями государственной политики. Особое значение в этой работе имеет своевременное выявление правовых коллизий и их последующее устранение.

Департаментом Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по области Жетісу в рамках анализа нормативных правовых актов в сфере оказания государственных услуг выявлены отдельные несоответствия в Правилах оказания государственных услуг органами государственных доходов Республики Казахстан, утвержденных приказом и.о. Министра финансов Республики Казахстан от 10 июля 2020 года № 665.

Одним из выявленных вопросов стало несоответствие в части платности государственной услуги «Прием транзитной декларации». Согласно Правилам услуга предусматривалась на бесплатной основе, в то время как постановлением Правительства Республики Казахстан от 5 апреля 2018 года № 171 «Об утверждении ставок таможенных сборов, взимаемых органами государственных доходов» установлен таможенный сбор за таможенное декларирование товаров с использованием транзитной декларации в размере 6 МРП.

Также, выявлена коллизия в части сроков оказания государственной услуги по выдаче справки о суммах полученных доходов из источников в Республике Казахстан и удержанных (уплаченных) налогов. Срок, установленный Правилами, не соответствовал сроку, предусмотренному налоговым законодательством.

Выявленные несоответствия были направлены в адрес уполномоченного государственного органа с предложениями по их устранению и приведению подзаконного нормативного правового акта в соответствие с законодательством.

По результатам проведенной работы и внесенных Департаментом предложений в Правила № 665 внесены соответствующие изменения.

Данный результат имеет не только нормативное, но и практическое значение. Устранение выявленных коллизий обеспечивает единообразное применение законодательства, повышает правовую определенность для граждан и бизнеса и способствует формированию более понятных и прозрачных условий получения государственных услуг.

Таким образом, работа Департамента по анализу законодательства становится конкретным инструментом совершенствования государственного регулирования. Выявление проблемных норм, их правовая оценка и последующая реализация предложений позволяют не только своевременно устранять существующие несоответствия, но и повышать качество государственных услуг в целом.

Практическая реализация таких предложений подтверждает важность постоянного мониторинга законодательства и взаимодействия государственных органов в целях его дальнейшего совершенствования. Именно такой подход позволяет обеспечить соответствие нормативной базы современным требованиям и создать более эффективную систему государственного управления, ориентированную на интересы граждан и бизнеса.

ТҰМАУ ЖӘНЕ ЖРВЖ: ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?

Тұмау және жедел респираторлық вирустық жұқпалар (ЖРВЖ) – ауатамшы жолы арқылы тез таралатын вирустық аурулар. Әсіресе күз-қыс мезгілінде аурушаңдық жиілейді. Қазақстанда жыл сайын эпидемиологиялық кезеңде ЖРВИ-мен және тұмаумен 800 мыңнан 1 миллионға дейін адам ауырады.

Негізгі белгілері: дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, бас ауруы, тамақтың ауыруы, мұрынның бітелуі немесе су ағуы, жөтел.

Аурудан сақтану үшін:

-қолды сабынмен жиі және мұқият жуыңыз;

- адамдар көп жиналатын орындарда мүмкіндігінше арақашықтық сақтаңыз;

- бөлмені жиі желдетіп, таза ұстаңыз;

-дұрыс тамақтанып, жеткілікті ұйықтаңыз;

-ауырған адаммен жақын қарым-қатынасты шектеңіз;

- жөтелгенде немесе түшкіргенде ауыз-мұрныңызды майлықпен немесе шынтақ бүгілісімен жабыңыз;

- тұмауға қарсы жыл сайын вакцинациядан өту – тұмаудың алдын алудың тиімді жолдарының бірі. Егілгендер арасында вакцинадан кейінгі асқынулар байқалмады. Ағымдағы жылы ауданда тұмауға қарсы 2026 жылғы қыркүйек айынан вакцинация басталады.

Тұмаудан сақтану үшін ЖРВИ және тұмаумен сырқаттанушылар көбейген кезде халық көп жиналған орындарда болмауға, салқын тигізіп алмауға тырысу қажет және ауа райына сәйкес киіну керек.

Егер дене қызуы көтеріліп, жағдайыңыз нашарласа, өз бетіңізше антибиотик қабылдамай, дәрігерге қаралыңыз

Есте сақтаңыз: денсаулықты сақтау – әр адамның өз қолында!

Е.Сейсембинов
Ескелді ауданы бойынша СЭББ басшысы

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЕКПЕНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Профилактикалық вакцинация – жұқпалы аурулардың алдын алудың ең тиімді әдістерінің бірі. Вакцина адамның иммундық жүйесін белгілі бір инфекцияға қарсы қорғаныс қалыптастыруға үйретеді.

Екпе арқылы қызылша, қызамық, көкжөтел, дифтерия, полиомиелит, В вирустық гепатиті және басқа да қауіпті инфекциялардың алдын алуға болады. Вакцинация тек жеке адамды ғана емес, қоғамды да қорғайды. Халық арасында вакцина алған адамдардың үлесі жоғары болған кезде инфекциялардың таралуы төмендейді және вакцина алуға мүмкіндігі жоқ адамдарға да жанама қорғаныс қалыптасады.

Екпені уақытында алу – аурудың алдын алудың маңызды қадамы. Әсіресе балаларды ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес вакцинациялау олардың денсаулығын қорғауда ерекше орын алады. Кейбір инфекциялар ауыр асқынуларға, мүгедектікке немесе өлімге әкелуі мүмкін, ал вакцинация олардың қаупін айтарлықтай төмендетеді.

Қазіргі таңда вакциналар қауіпсіздігі мен тиімділігі бойынша мұқият зерттеліп, медициналық бақылаудан өтеді. Екпе алдында медицина қызметкері адамның денсаулық жағдайын бағалап, вакцинация жүргізуге қатысты қажетті кеңес береді.

Әр ата-ана баласының екпе күнтізбесін бақылап, профилактикалық екпелерді уақытында алуға жауапкершілікпен қарауы қажет.

Вакцинация – өз денсаулығыңды, балаңның денсаулығын және айналаңдағы адамдарды қорғауға қосқан маңызды үлес. Екпе алу – ауруды емдегеннен гөрі оның алдын алудың тиімді жолы.

Е.Сейсембинов
Ескелді аудандық СЭББ басшысы

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ



Құқық бұзушылық профилактикасы — құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою арқылы құқықтық тәртіпті сақтауға және күшейтуге бағытталған, құқық бұзушылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені.

Құқық бұзушылық профилактикасының субъектілері — құқық бұзушылық профилактикасын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдары мен азаматтары.

Осы Заңның негізгі мақсаттары құқық бұзушылық профилактикасысаласында адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды және сақтауды қамтамасыз ету, құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою арқылы құқықтық тәртіпті сақтау және нығайту болып табылады.

Құқық бұзушылық профилактикасы саласындағы мемлекеттік саясат

мынадай негізгі қағидаттарда жүзеге асырылады:

1) заңдылық;
2) жариялылық;
3) ғылыми негізділік;
4) құпиялылық;
5) құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі алдын алу шараларының жазалау шараларынан басымдығы;
6) кешенділік пен жүйелілік;
7) әрбір адамға және азаматқа қолданатын жеке тәсіл;
8) ізгілік;
9) отбасын қолдау және сақтау;
10) адамға және азаматқа дене мүшесіне және (немесе) психикалық тұрғыдан зардап келтіруге жол бермеу.

Қорыта айтқанда, құқық бұзушылықтың алдын алу — заңдылық, жариялылық пен ізгілік қағидаттарына сүйенетін кешенді процесс. Алдын алу шараларының жазалау шараларынан басым болуы мен әрбір азаматқа жеке тәсіл қолдану — қоғамдағы құқықтық тәртіпті нығайтудың негізгі кепілі. Мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдері бірлесе әрекет еткенде ғана адам құқықтары мен бостандықтарының толық қорғалуын қамтамасыз етуге болады.

«Жалғызағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

ОНЛАЙН-ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЭТИКАСЫ: ЖҰМЫС ЧАТЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ МӘДЕНИЕТ СТАНДАРТЫ

Заманауи мемлекеттік қызметте мессенджерлер мен цифрлық платформалар жедел шешім қабылдаудың негізгі құралына айналды. Алайда жұмыс чаттарының ыңғайлылығымен қатар, ондағы қарым-қатынас мәдениетін сақтау — мемлекеттік қызметшінің кәсіби әдебінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Цифрлық кеңістіктегі кәсіби стандарттарды сақтау мемлекеттік органның беделін арттырып, ішкі корпоративтік мәдениетті нығайтады.

Бұл ретте ресми-іскерлік стильді қатаң сақтап, стикерлерді, эмоционалды эмодзилерді, орынсыз сөздерді қолданбау, сондай-ақ қызметтік құпия ақпараттар мен жеке деректерді қорғалмаған мессенджерлерге жария етпеу ақпараттық қауіпсіздік үшін аса маңызды. Ең бастысы, шұғыл сипаттағы төтенше жағдайларды қоспағанда, белгіленген жұмыс уақытынан кейін немесе демалыс күндері жұмыс чаттарына хабарлама жолдамау — әріптестердің жеке өмірі мен демалыс құқығына көрсетілетін құрметтің көрінісі.

Сонымен қатар, корпоративтік емес жеке мессенджерлер арқылы ішкі құжаттарды алмасуға, жұмыс чатындағы хабарламалар мен құжаттардың скриншоттарын сыртқы адамдарға таратуға қатаң тыйым салынады. Бүгінгі таңда кеңінен қолданылатын ChatGPT, Claude немесе Gemini сияқты ашық жасанды интеллект құралдарына компанияның ішкі кодын, қаржылық немесе жеке мәліметтерін енгізбеу де цифрлық гигиенаның маңызды бөлігі болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің онлайн-қарым-қатынас этикасы – бұл тек тиімді коммуникация құралы емес, корпоративтік мәдениет пен мемлекеттік аппараттың жоғары деңгейін айқындайтын маңызды көрсеткіш. Сандық кеңістіктегі өзара сыйластық, жауапкершілік пен ақпараттық қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау жұмыс жүйелілігін арттырып, қабылданған шешімдердің жеделдігін қамтамасыз етеді. Осы стандарттарды күнделікті қызметте ұстану – мемлекеттік қызметтің беделін асырып, заманауи басқару мәдениетін қалыптастырудың негізгі кепілі.

Дюсебаев Берік Оңалбайұлы
Ескелді ауданы әкімі аппаратының басшысы-
Әдеп жөніндегі уәкілі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ



Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың,жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Әрине,сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес.Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың,дара кәсіпкерлердің,азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

«Жалғызағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

НАШАҚОРЛЫҚ – ЖАСТАР ДЕРТІ



Нашақорлық – бұл адам баласының денсаулығына, елдің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін үлкен қатер. Нашақорлық – жастардың есірткіге деген қызығушылығынан басталады. Зеріккен немесе жаңа эмоция сезінгісі келген жасөспірім, бір рет дәмін татып көрген соң, бұл әсерді тағы сезінгісі келеді. Осылайша, тәуелділік туындайды. Жақын адам тарапынан махаббат пен жылулық болмауы және ата-ана мен бала арасындағы түсінбеушілік, осы дертке әкелуі мүмкін.

Кейбір жастар есірткі көмегімен отбасындағы мәселелерден және жағымсыз эмоциялардан, естеліктерден арылғысы келеді. Біреулер есірткі таратып, байлыққа кенеліп, белшесінен батып жүр, ал қаншама жан бұл заттан бақытсыздыққа ұшырап, өлім құшуда. Есірткіге әуестік көп жағдайда білместіктен де басталады. Әсіресе жасөспірімдер қоршаған ортаның кері әсеріне шалынғыш келеді. Топтық психология, еліктеушілік, бірге жүрген топ ішінде біреуі есірткі дәмін татқан болса, уақыт өткен соң топтық барлық мүшелері есірткіге әуестенуге әкеліп соқтырады. Бір ерекшелігі нашақор басқаларды есірткіге әуестендіру әрекетін әдейі жасайды. Нашақорлық ұлт таңдамайды.

Есірткіге құмарлық өмір бойы сақталуы мүмкін. Сонымен қатар есірткінің кесірінен адам ғана емес, адам ағзасы да үлкен қасіретке толады. Жүйке жүйесі, жүрек, бауыр сонымен ішкі ағзалардың жұмысы бұзылады. Есірткіге ақша табу үшін олар кез келген әрекетке дайын тұрады. Тіпті, кісі өлтіруі де мүмкін. Зерттеу бойынша, нашақорлардың жартысынан көбі – қылмыскерлер.

«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», - деп халық даналығы бекер айтылмаған. Жаманды көріп, зардабын сезіп, бойыңды аулақ ұстау білімділіктің, көрегендіктің белгісі. Жақсыны көріп, тыңдап, соған ұқсап бағайық. Ең бастысы, аманатқа берілген денсаулықты сақтап, бойымызды, өзімізді қолдан келгенше зиян, лас, жаман дүниелерден аулақ ұстайық. Өз өмірімізге балта шаппай, өмір мәнін түсініп, білімді, сабырлы, ел ертеңі болып өсейік!

«Жалғызағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды бағыттарының бірі – құқықбұзушылықтың алдын алу және азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру.Құқықбұзушылық – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құқықтық нормаларды бұзатын, жеке тұлғалардың, қоғамның немесе мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін әрекет немесе әрекетсіздік. Құқықбұзушылықтың сипаты мен ауырлығына қарай заңнамада тиісті жауапкершілік көзделген.Құқықбұзушылықтың алдын алу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен мекемелердің және жалпы қоғамның ортақ міндеті болып табылады. Мемлекеттік мекеме ретінде азаматтарға қолданыстағы заңнама талаптарын түсіндіру, құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат беру және құқықбұзушылыққа жол бермеу жөніндегі профилактикалық шараларды күшейту – негізгі міндеттердің бірі.

Құқықбұзушылықтың негізгі себептерінің қатарында құқықтық сауаттылықтың жеткіліксіздігі, заң талаптарын елемеу, әлеуметтік мәселелер, тұрмыстық жанжалдар, сондай-ақ азаматтардың өз әрекеттерінің құқықтық салдарын толық түсінбеуінен орын алып жатады. Сондықтан құқықбұзушылықтың алдын алуда түсіндіру және профилактикалық жұмыстардың маңызы ерекше.Әрбір азамат заң талаптарын сақтап, өз құқықтары мен міндеттерін білуге, басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге тиіс. Заңды сақтау – қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықтың басты негізі.Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жүйелі жұмыс қоғамдық қауіпсіздікті нығайтып қана қоймай, азаматтардың мемлекетке және заң талаптарына деген сенімін арттыруға ықпал етеді.Осыған байланысты барлық азаматтарды заң талаптарын қатаң сақтауға, құқықбұзушылыққа жол бермеуге және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге өз үлесін қосуға шақырамыз.

М.Жумабаев , Көкжазық ауылдық округінің әкімі

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ БОЙЫНША ХАЛЫҚ ҮШІН ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖИНАУҒА, ТАСЫМАЛДАУҒА, СҰРЫПТАУҒА ЖӘНЕ КӨМУГЕ АРНАЛҒАН (КӘДЕГЕ ЖАРАТУ МЕН ҚАЙТА ӨҢДЕУДІ ҚОСПАҒАНДА) ТАРИФТЕРДІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 6 тамыздағы № 314 «Қалдықтар сыныптауышын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23903 болып тіркелген) бұйрығы, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 «Халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Ескелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ескелді ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған (кәдеге жарату мен қайта өңдеуді қоспағанда) тарифтер бекіту туралы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Ескелді аудандық мәслихатының 2023 жылғы 09 тамыздағы № 8-25 Қарабұлақ ауылында халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту (кәдеге жарату мен қайта өңдеуді есепке алмағанда) туралы шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы *Аты-Жөні*

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ БОЙЫНША ХАЛЫҚ ҮШІН ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖИНАУҒА, ТАСЫМАЛДАУҒА, СҰРЫПТАУҒА ЖӘНЕ КӨМУГЕ АРНАЛҒАН ТАРИФТЕРІ

№	Атауы	Есептік бірлік	Теңге (қосылған құн салығысыз)
1	Көппәтерлі тұрғын үй иелері	айына 1 тұрғынға	294
2	Абаттандырылған және абаттандырылмаған үй иелері (жеке сектор)	айына 1 тұрғынға	304
3	Заңды тұлғалар және мемлекеттік мекемелер	1 текше метр	2450

ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ТАРИФОВ ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ НА СБОР, ТРАНСПОРТИРОВКУ, СОРТИРОВКУ И ЗАХОРОНЕНИЕ ТВЕРДЫХ БЫТОВЫХ ОТХОДОВ ПО ЕСКЕЛЬДИНСКОМУ РАЙОНУ (БЕЗ УЧЕТА УТИЛИЗАЦИИ И ПЕРЕРАБОТКИ)

В соответствии с подпунктам 3) пункта 3 статьи 365 Экологического кодекса Республики Казахстан, статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», приказом исполняющего обязанности Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 6 августа 2021 года № 314 «Об утверждении Классификатора отходов» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 23903), приказом Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 14 сентября 2021 года № 377 «Об утверждении Методики расчета тарифа на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов для населения» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 24382), Ескельдинский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить тарифов на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов по Ескельдинскому району (без учета утилизации и переработки) согласно приложению к настоящему решению.

2. Признать утратившим силу решение Ескельдинского районного маслихата от 9 августа 2023 года № 8-25 «Об утверждении тарифов для населения на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов в селе Карабулак (без учета утилизации и переработки)».

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность *Ф.И.О.*

ТАРИФЫ ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА НА СБОР, ТРАНСПОРТИРОВКУ, СОРТИРОВКУ И ЗАХОРОНЕНИЕ ТВЕРДЫХ БЫТОВЫХ ОТХОДОВ

№	Наименование	Расчетная единица	Тенге (без налога на добавленную стоимость)
1	Собственники квартир в многоквартирных жилых домах	на 1 жителя в месяц	294
2	Собственники благоустроенных и неблагоустроенных жилых домов (частный сектор)	на 1 жителя в месяц	304
3	Юридические лица и государственные учреждения	1 кубический метр	2450

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ АУМАҒЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ КӨЛІК ҚАТЫНАСТАРДА ЖОЛАУШЫЛАР МЕН БАГАЖДЫ АВТОМОБИЛЬМЕН ТҰРАҚТЫ ТАСЫМАЛДАУҒА БІРЫҢҒАЙ ТАРИФТІ БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 2-тармағына және «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес, Ескелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылдық округінің аумағындағы ауылдық көлік қатынастарда жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауға бірыңғай тариф - 100 (жүз) теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы *Аты-Жөні*

ОБ УСТАНОВЛЕНИИ ЕДИНОГО ТАРИФА НА РЕГУЛЯРНЫЕ АВТОМОБИЛЬНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ ПАССАЖИРОВ И БАГАЖА В СЕЛЬСКОМ СООБЩЕНИИ НА ТЕРРИТОРИИ КАРАБУЛАКСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и пунктами 2, 2-1 статьи 19 Закона Республики Казахстан от 4 июля 2003 года «Об автомобильном транспорте» акимат Ескельдинского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Установить на территории Карабулакского сельского округа Ескельдинского района единый тариф на регулярные автомобильные перевозки пассажиров и багажа в сельском сообщении в размере 100 (ста) тенге.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района, курирующего соответствующее направление.

3. Настоящее постановление вступает в силу по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность *Ф.И.О.*

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ЭТИКАСЫ – ҚОҒАМ СЕНІМІНІҢ НЕГІЗІ

Мемлекеттік қызмет – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды сала. Мемлекеттік қызметшінің кәсіби білімі мен біліктілігімен қатар, оның әдеп нормаларын сақтауы да ерекше маңызға ие. Себебі мемлекеттік қызметші – мемлекет пен халық арасындағы байланысты жүзеге асыратын тұлға.

Мемлекеттік қызметшінің этикасы ең алдымен адалдық, әділдік, жауапкершілік, ашықтық және азаматтарға құрмет көрсету қағидаттарына негізделеді.

Қызметші өз міндеттерін орындау барысында заң талаптарын қатаң сақтап, кез келген азаматқа тең және әділ қарым-қатынас жасауы тиіс.

Мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқы оның жеке басының ғана емес, мемлекеттік органның беделіне де тікелей әсер етеді. Сондықтан қызметтік міндеттерді орындау кезінде әдептілік пен сыпайылықты сақтау, азаматтардың өтініштері мен мәселелеріне мұқият қарау – мемлекеттік қызметшінің негізгі міндеттерінің бірі.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметші өзінің қызметтік өкілеттіктерін жеке мақсатта пайдаланбауы, мүдделер қақтығысына жол бермеуі және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік танытуы қажет. Қызмет барысында алынған қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтау да кәсіби этиканың маңызды талаптарының бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызметшінің сыртқы келбеті мен сөйлеу мәдениеті де қоғамның мемлекеттік қызметке деген көзқарасына ықпал етеді. Қызметші жұмыс орнында және одан тыс уақытта өзінің мемлекеттік қызметші мәртебесіне сай мінез-құлық танытып, мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерден аулақ болуы керек.

Қазіргі таңда халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыру – маңызды міндеттердің бірі. Бұл ретте әрбір мемлекеттік қызметшінің жауапкершілігі жоғары. Азаматтардың мәселесін тыңдап, заң шеңберінде нақты көмек көрсету, халықпен ашық әрі мәдениетті қарым-қатынас орнату мемлекеттік қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметшінің этикасы – мемлекеттік қызметтің ажырамас бөлігі. Әдеп нормаларын сақтау, адал еңбек ету және халықтың мүддесіне қызмет ету – әрбір мемлекеттік қызметшінің басты ұстанымы болуы тиіс. Мемлекеттік қызметші өз ісімен кәсібиліктің, адалдықтың және жауапкершіліктің үлгісін көрсеткен жағдайда ғана қоғамның мемлекетке деген сенімі нығая түседі.

Халыққа қызмет ету – үлкен жауапкершілік. Ал сол жауапкершілікті адалдықпен атқару – әрбір мемлекеттік қызметшінің азаматтық әрі кәсіби парызы.

М.Жумабаев , Көкжазық ауылдық округінің әкімі

ОТБАСЫ – БАҚЫТ МЕКЕНІ



Отбасы – әр адамның өміріндегі ең қымбат та қасиетті ұғым. Адам дүниеге келген сәттен бастап мейірім мен жылулықты, тәрбие мен қамқорлықты ең алдымен өз отбасынан алады. «Отан – отбасынан басталады» деген сөздің мәні де осында. Себебі елдің берекесі мен қоғамның тұрақтылығы – тәрбиелі, ынтымағы жарасқан отбасылардан құралады.

Жетісу жерінің көрікті өңірлерінің бірі – Ескелді ауданы. Табиғаты әсем, еңбеккөр елді мекендерімен ерекшеленетін бұл ауданда талай жылдар бойы шаңырақтың берекесін сақтап, ұрпағына өнеге көрсетіп келе жатқан отбасылар аз емес. Солардың бірі – ауданымызда көпшілікке сыйлы, еңбекпен есейіп, бала тәрбиесін басты орынға қойған Серік пен Айгүлдің отбасы.

Серік пен Айгүлдің шаңырақ көтергеніне отыз жылдан астам уақыт болған. Екеуі де ауылдың тыныс-тіршілігімен біте қайнасып, адал еңбекті өмірлерінің басты қағидасына айналдырған жандар. Жастық шағында бір-біріне сүйеу болып, өмірдің қуанышы мен қиындығын бірге еңсерген олар бүгінде балалары мен немерелерінің қызығын көріп отырған өнегелі отбасы.

«Отбасы құру – оңай, ал оны берік сақтау – үлкен жауапкершілік», – дейді Айгүл апай. Оның айтуынша, отбасындағы татулықтың негізі – өзара сыйластық пен түсіністік.

– Ерлі-зайыптылар бір-бірін тыңдай білуі керек. Қандай мәселе болса да, ақылдасып шешкен дұрыс. Балалар ата-анасының бір-біріне деген құрметін көріп өссе, сол тәрбиені өз өміріне де сіңіреді, – дейді ол.

Шын мәнінде, отбасының бақыты тек материалдық жағдаймен өлшенбейді. Үлкен үй, қымбат дүние немесе мол қаражат адамның көңілін ұзақ уақытқа қуанта алмауы мүмкін. Ал жанында түсінетін, қолдайтын, қуанышыңды бірге бөлісетін жақындарың болса – нағыз бақыт сол.

Серік аға үшін отбасының берекесі – дастарқан басындағы әңгімеден басталады. Ол жұмысынан қанша шаршап келсе де, кешкі уақытта отбасы мүшелерімен бірге отырып, олардың жағдайын сұрауға тырысады. Балаларының оқуын, немерелерінің жетістігін сұрап, ақылын айтып отырады.

Бұл шаңырақта үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрге айналған. Үлкендердің батасын алу, мереке күндері бірге бас қосу, туған-туыспен араласу – отбасы мүшелері үшін қалыптасқан жақсы әдет.

Әсіресе ұлттық салт-дәстүрге деген құрметті бұл отбасынан анық байқауға болады. Қонақ келсе, төр ұсыну, үлкеннің сөзін бөлмеу, дастарқан басында бата жасау секілді қарапайым көрінгенімен, тәрбиелік мәні зор құндылықтар кейінгі ұрпаққа үлгі болып келеді.

Серік пен Айгүлдің балалары да ата-анасының тәрбиесін бойларына сіңіріп өскен. Олар әрқайсысы өз алдына шаңырақ көтеріп, еңбек етіп, ата-анасына қолдау көрсетіп келеді. Балаларының жетістігін көрген ата-ана үшін бұдан асқан қуаныш жоқ.

«Баланың тәрбиесі бесіктен басталады» дейді халқымыз. Ата-ананың балаға айтқан ақылынан гөрі, жасаған ісі көбірек әсер етеді. Осыны жақсы түсінген Серік пен Айгүл балаларына үнемі еңбектің қадірін, үлкенді сыйлауды, кішіге қамқор болуды үйреткен.

Әкенің өнегесі – бір бөлек, ананың тәрбиесі – бір бөлек. Серік аға балаларына жауапкершілік пен еңбеккорлықты үйретсе, Айгүл апай отбасындағы мейірім мен жылулықтың сақталуына ерекше көңіл бөлген.

Олардың шаңырағында бір-біріне «сен» деп емес, сыйластықпен қарау, қиындық туған кезде кінәлі адам іздемей, мәселенің шешімін бірге табу қалыптасқан. Осындай қарапайым қағидалар жылдар өте келе отбасының мықты іргетасына айналған.

Ауыл өмірінің өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда адамдар бір-бірін жақсы таниды, қуанышта бірге қуанып, қиындықта қолдау көрсетеді. Серік пен Айгүлдің отбасы да туған-туыспен, көрші-қолаңмен жақсы қарым-қатынаста. Ағайын арасындағы татулықты жоғары бағалайды.

Олардың үйі мереке күндері балалардың күлкісіне толады. Немерелері ата-әжесінің жанында ойнап, үлкендердің әңгімесін тыңдап өседі. Әсіресе ата мен әженің немерелеріне көрсеткен мейірімі ерекше. Олар үшін немеренің әрбір жетістігі – үлкен қуаныш.

– Немере деген – жүректің қуанышы ғой. Балаларымыздың жақсы азамат болып қалыптасқанын көріп, енді немерелеріміздің тәрбиесіне көңіл бөлу – біздің үлкен міндетіміз, – дейді Айгүл апай күлімсіреп.

Бүгінде қоғамда отбасы құндылықтарын сақтау мәселесі өте маңызды. Өйткені отбасы – тек екі адамның одағы емес, ол – ұрпақ тәрбиелейтін орта, ұлттық құндылықтар сақталатын шаңырақ. Әр отбасында сыйластық пен жауапкершілік орнықса, қоғам да мықты болады.

Ескелді ауданында осындай өнегелі шаңырақтардың көп болуы – үлкен мақтаныш. Олардың өмір жолы жас отбасыларға үлгі болары сөзсіз. Себебі отбасылық бақыт дайын күйінде келмейді. Оны жылдар бойы ерлі-зайыптылардың өзара түсіністігі, ата-ананың балаға деген мейірімі, баланың ата-анаға деген құрметі қалыптастырады.

Серік аға мен Айгүл апайдың өмірінен түйетін тағы бір маңызды дүние – қандай жағдайда да бірге болу. Өмірде қуаныш та, қиындық та қатар жүреді. Бақытты отбасы дегеніміз – қиындық кездеспейтін отбасы емес, сол қиындықты бірге жеңе білетін отбасы.

«Бірлік бар жерде тірлік бар» деген халқымыздың даналығы осындайда еске түседі. Бір шаңырақтың астында өмір сүретін адамдар бір-біріне сүйеу болып, ортақ мақсатқа ұмтылғанда ғана отбасының берекесі артады.

Отбасы – адамның өмір мектебі. Бала алғашқы сөзді де, алғашқы әдетті де, жақсылық пен жамандықтың айырмасын да отбасынан үйренеді. Сондықтан ата-ананың әрбір сөзі мен ісі – балаға берілген тәрбие.

Ескелді ауданындағы бұл отбасының өнегесі бізге қарапайым бір ақиқатты көрсетеді: бақыт алыстан іздейтін дүние емес. Бақыт – өзіңнің жаныңдағы адамдарды бағалаудан, отбасыңның қадірін білуден басталады.

Әке – отбасының тірегі болса, ана – шаңырақтың берекесі. Ал бала – сол шаңырақтың жалғасы. Осы үшеуінің арасындағы сүйіспеншілік пен сыйластық отбасын бақыт мекеніне айналдырады.

Бүгінде Серік аға мен Айгүл апай балаларының ортасында, немерелерінің қызығына бөленіп, бейнетінің зейнетін көріп отырған жайы бар. Олардың отыз жылдан астам уақыт бірге өткізген ғұмыры – өзара құрмет пен сенімге негізделген отбасының жарқын үлгісі.

Осындай отбасылардың қатары көбейген сайын елдің де еңсесі биіктей түседі. Себебі мықты отбасы – мықты қоғамның негізі. Ал шаңырақтағы татулық – елдегі бейбітшіліктің бастауы.

Отбасы – адамның панасы, жүректің жылуы, өмірдің мәні. Отбасы бар жерде мейірім бар, отбасы бар жерде тәрбие бар, отбасы бар жерде бақыт бар. Сондықтан әрқайсымыз өз шаңырағымыздың қадірін біліп, ата-анамызды ардақтап, бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауымыз керек. Өйткені отбасы – шын мәнінде, әр адамның ең үлкен бақыт мекені.

Дара Дана

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ



Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағын айқындайтын маңызды мәселенің бірі. Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі, тарихы мен мәдениеті бар. Осындай рухани мұралар ұлттың өзіндік болмысын қалыптастырып, кейінгі ұрпаққа бағыт-бағдар береді. Сондықтан ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Қазақ халқы ежелден үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, ата-ананы құрметтеу, туған жерді қадірлеу, қонақжайлық, адалдық, еңбеккорлық сияқты қасиеттерді жоғары бағалаған. «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» қағидасы халқымыздың тәрбиелік ұстанымдарының бірі болып саналады. Бұл құндылықтар қазіргі қоғам үшін де өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Ұлттық тәрбиенің негізгі тіректерінің бірі – ана тілі. Тіл арқылы бала халықтың тарихын, мәдениетін, дүниетанымын танып, ұлттық сана-сезімін қалыптастырады. Ана тілін құрметтеу – өз ұлтыңды, тарихыңды және мәдениетіңді құрметтеу деген сөз. Сондықтан жастардың қазақ тілін еркін меңгеруіне және күнделікті өмірде қолдануына жағдай жасау маңызды.

Сонымен қатар ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу де жас ұрпақ тәрбиесінде ерекше орын алады. Бесікке салу, тұсаукесер, бата беру, үлкенге сәлем беру, асар жасау сияқты дәстүрлер халқымыздың тәрбиелік мәнін көрсетеді. Мұндай дәстүрлер арқылы жастар мейірімділікке, өзара сыйластыққа, жауапкершілікке және бірлікке тәрбиеленеді.

Бүгінгі таңда жастар заманауи технологиялар мен ақпараттық кеңістіктің белсенді қолданушылары. Әлеуметтік желілер мен интернеттің мүмкіндігі кең болғанымен, сырттан келетін түрлі ақпарат жастардың дүниетанымына әсер етуі мүмкін. Осы жағдайда ұлттық құндылықтар жасөспірімдер мен жастар үшін рухани бағдар бола алады. Өзінің ұлттық болмысын, тарихын және мәдениетін жақсы білетін жас кез келген ортада өзіндік ұстанымын сақтай алады.

Ұлттық құндылықтарды насихаттау тек отбасының немесе білім беру ұйымдарының міндеті емес. Бұл бағытта мемлекеттік мекемелер, жастар ұйымдары, қоғамдық бірлестіктер және жалпы қоғам бірлесіп жұмыс істеуі қажет. Ұлттық мәдениетке арналған кездесулер, пікірталастар, байқаулар, шығармашылық кештер, спорттық және волонтерлік шаралар жастардың елге деген сүйіспеншілігін арттыруға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, ұлттық құндылықтар – ұлттың рухани негізі әрі жас ұрпақ тәрбиесінің маңызды құралы. Өз тарихын білетін, ана тілін құрметтейтін, салт-дәстүрін дәріптейтін, елін сүйетін және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін ұрпақ – мемлекеттің жарқын болашағы. Сондықтан ұлттық құндылықтарды сақтау және оны жастардың бойына сіңіру – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

Құрманғалиев Қуаныш Бейбітұлы

ҚАЙНАРЛЫДА ГИР ТАСЫН КӨТЕРУДЕН ЖАРЫС ӨТТІ



Қайнарлы ауылының тұрғындары арасында салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту мақсатында кир тасын көтеруден тартысты жарыс ұйымдастырылды. Шеберлік пен төзімділікті талап еткен дүбірлі сайыста бағы мен бабы шапқан спортшылар сынға түсіп, жүлделі орындарды өзара бөлісті:

-1-орын: Хасен Дәулет

-2-орын: Әбдіқадыр Бақболсын

-3-орын: Нұрдаулет Әміре

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» ММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы грамоталармен марапатталды.



Г.Омарова,«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» ММ-сі Ескелді аудандық филиалының басшысы

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Бүгінгі таңда қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың қылмыс жолына түсуіне жол бермеу және жас ұрпақтың қауіпсіз ортада тәрбиеленуіне жағдай жасау.Жасөспірімнің тұлға болып қалыптасуына ең алдымен отбасы, мектеп және қоршаған ортасы әсер етеді. Сондықтан бала тәрбиесіне тек ата-ана немесе мектеп емес, тұтас қоғам жауапты.Баланың мінез-құлқы мен дүниетанымының қалыптасуында отбасының орны ерекше. Ата-ананың балаға көңіл бөлуі, оның ортасын, достарын, бос уақытын бақылауы және кез келген мәселесін тыңдап, қолдау көрсетуі маңызды.Отбасындағы жылы қарым-қатынас пен өзара түсіністік баланың өзін қауіпсіз сезінуіне ықпал етеді. Ал ата-ана тарапынан бақылау мен қолдаудың жеткіліксіз болуы жасөспірімнің теріс ортаға елігуіне себеп болуы мүмкін.Жасөспірімнің күнделікті өмірінің басым бөлігі мектепте өтетіндіктен, білім беру ұйымындағы психологиялық ахуалдың маңызы зор. Сабақ үлгерімі төмен немесе сыныптастарымен қарым-қатынасы қиын балаларды назардан тыс қалдырмай, оларға дер кезінде педагогикалық және психологиялық қолдау көрсету қажет.Әрбір бала өзін мектеп ұжымының толыққанды мүшесі ретінде сезінуі керек. Оның бойындағы қабілетін байқап, дұрыс бағыт беру – құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді жолдарының бірі.

Бос уақытты тиімді пайдалану қажет

Жасөспірімнің бос уақытын қалай өткізетіні де оның қалыптасуына тікелей әсер етеді. Спорттық секциялар мен үйірмелерге қатысу, шығармашылықпен айналысу, мәдени және қоғамдық іс-шараларға белсенді араласу баланың уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді.

Бос уақытын пайдалы іске арнаған жасөспірімнің теріс әдеттерге және жағымсыз ортаға елігу ықтималдығы төмендейді. Сондықтан ата-аналар мен жауапты мекемелер балалардың қызығушылығына сай үйірмелер мен спорттық бағыттарға тартылуына жағдай жасауы қажет.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында «Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ауылдық округтегі тиісті мекемелермен және учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп, профилактикалық жұмыстар жүргізуде.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ КҮНІНЕ ОРАЙ АЙМАҚТЫҚ ЖАРЫС ӨТТІ



2026 жылғы 9 қыркүйек күні ұлттық зияткерлік ойынымыз — тоғызқұмалақты кеңінен насихаттау, оның мәртебесін арттыру, тұрғындар арасында бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында Дүниежүзілік тоғызқұмалақ күніне орай аудан тұрғындары арасында аймақтық тоғызқұмалақ жарысы ұйымдастырылды.

Тоғызқұмалақ — халқымыздың сан ғасырлық тарихымен сабақтасқан, ойлау қабілетін дамытып, зеректік пен сабырлылыққа тәрбиелейтін ұлттық ойындардың бірі. Бүгінде бұл ойын елімізде ғана емес, халықаралық деңгейде де кеңінен танылып, көптеген елдерде дамып келеді. Ұлттық ойынымызды дәріптеу — жас ұрпаққа ата-бабадан қалған асыл мұраны танытып, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңызды бағыты.

Жарыс барысында қатысушылар өздерінің логикалық ойлау қабілеттерін, есептеу шеберлігін, тактикалық тәсілдерін және ойын барысындағы ұтымды шешім қабылдау қабілеттерін көрсетті. Әрбір ойын тартысты өтіп, қатысушылар жеңіске деген жігері мен жоғары дайындықтарын байқатты.

Тоғызқұмалақ ойыны адамның есте сақтау қабілетін жетілдіріп, математикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, зейінін шоғырландыруға және әрбір әрекетін алдын ала жоспарлауға ықпал етеді. Сондықтан ұлттық ойынымызды бұқаралық спорт ретінде дамыту — өскелең ұрпақтың интеллектуалдық әлеуетін арттыруға зор мүмкіндік береді.

Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі орындарға ие болған қатысушылар анықталып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталды.

I орын — Намазтаев Жасұлан
II орын — Болат Қымбат
III орын — Серікқызы Ақсұңқар

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерге «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы медальдар, грамоталар және бағалы сыйлықтар табысталды.

Ұлттық спорт түрлерін дамыту мен дәріптеу бағытындағы мұндай жарыстар аудан тұрғындарының спортқа деген қызығушылығын арттырып, бос уақыттарын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тоғызқұмалақ арқылы жастарды ой ұшқырлығына, сабырлылыққа, ұқыптылыққа және жеңіске деген табандылыққа тәрбиелеуге болады.

Іс-шараға қатысқан барлық спортшыларға белсенділіктері мен жоғары ойын шеберліктері үшін алғыс білдіреміз. Алдағы уақытта да ұлттық спорт түрлерін насихаттап, аудан көлемінде бұқаралық спортты дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасын таба бермек.



Г.ОМАРОВА,
«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының басшысы

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» – СПОРТ АЛАҢЫНДА ДА ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ



2026 жылдың 8 қыркүйегінде «Заң мен тәртіп» идеологиясын тұрғындар арасында кеңінен насихаттау мақсатында Қарабұлақ ауылдық округінде аймақтық волейбол жарысы ұйымдастырылды.

Спорт – денсаулықтың ғана емес, тәртіптің, жауапкершіліктің және бірліктің тамаша мектебі. Осыны айқын көрсеткен жарысқа ауыл-аймақтан жиналған командалар қатысып, өзара бақ сынасты.

Жарыс барысында әр команда жеңіске деген жігерін танытып, алаңда тартысты ойын өрнегін көрсетті. Әр допқа талас, әр ұпай үшін күрес көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Жарыс соңына дейін командалар бар күшін салып, ұйымшылдық пен шеберліктерін көрсете білді.

Жарыс қорытындысы бойынша:
I орын – «Жалғызағаш» командасы;
II орын – «Қарабұлақ» командасы;
III орын – «Қайнарлы» командасы.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы грамоталармен марапатталды.

Бұл жарыс – тек спорттық бәсеке ғана емес, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, жастар мен тұрғындарды спортқа тартуға, ауызбіршілік пен өзара сыйластықты нығайтуға бағытталған маңызды шара болды.

Заңды құрметтеу – тәртіптен басталады. Ал тәртіп пен бірлік бар жерде спорт та, жеңіс те бар!

Барлық қатысушыларға белсенділіктері үшін алғыс білдіреміз!
Жеңістеріңіз көп болсын!

Г.ОМАРОВА,
«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының басшысы

ОТБАСЫ: ДӘСТҮРДЕН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА



Отбасы – адамзат қоғамының ең басты құндылығы, ұлттық тәрбиенің алтын бесігі. Қазақ халқы ежелден шаңырақтың беріктігіне, ұрпақ тәрбиесіне, ата-анаға құрмет пен үлкенге ізет көрсетуге ерекше мән берген. «Отан – отбасынан басталады» деген қанатты сөздің өзі отбасының қоғамдағы орнын айқын көрсетеді. Себебі әрбір азаматтың бойындағы адамгершілік қасиет, ұлттық тәрбие, салт-дәстүрге деген құрмет ең алдымен отбасында қалыптасады.

Осы орайда 10 қыркүйек күні отбасы құндылықтарын дәріптеу, ұлттық дәстүрлерді насихаттау және отбасылық қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Отбасы: дәстүрден қазіргі заманға» атты эстафеталық сайыс ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді.

Аталған шараның негізгі мақсаты– отбасы мүшелері арасындағы өзара түсіністік пен сыйластықты арттыру, ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту, ұлттық салт-дәстүрлерімізді кеңінен насихаттау және салауатты өмір салтын қалыптастыру болды. Сонымен қатар сайыс арқылы отбасылардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасап, ата-аналар мен балаларды ортақ мақсатқа жұмылдырып, олардың бір-біріне деген қолдауын арттыру көзделді.

Эстафетаға 6 отбасы командасы қатысып, өзара бақ сынады. Әр отбасы сайысқа тыңғылықты дайындалып, ұйымшылдығы мен белсенділігін, шапшаңдығы менептілігін көрсетуге бар күшін салды. Сайыс барысында қатысушылар тек спорттық қабілеттерін ғана емес, тапқырлығы мен шығармашылығын, ұлттық құндылықтарды қаншалықты меңгергенін де көрсете білді.

Іс-шараның ашылуында отбасының қоғамдағы маңызына ерекше тоқталып, мұндай шаралардың жас ұрпақ тәрбиесіндегі орны зор екені атап өтілді. Өйткені бала үшін ата-анасымен бірге уақыт өткізу, бір команда болып жарысу, жеңіске бірге ұмтылу – ұмытылмас әсер қалдыратын тәрбиелік сәттердің бірі.Сайысқа қатысқан әрбір отбасы өз командасының ұйымшылдығын жоғары деңгейде таныта білді. Бірі жарыс жолында жылдамдығымен ерекшеленсе, енді бірі дәлдігі менептілігін көрсетті. Кейбір отбасылар тапқырлық пен шапшаңдықты қатар ұштастырып, кезеңдерде жоғары нәтиже көрсетуге тырысты.

Эстафетаның әр кезеңі қатысушылар үшін өзіндік сынақ болды. Жарыс барысында отбасы мүшелері бір-біріне демеу көрсетіп, жігерлендіріп отырды. Бір қатысушының жетістігі бүкіл команданың қуанышына айналып, кішкентай ғана қателіктің өзі командаластардың бір-біріне қолдау көрсетуіне себеп болды.

Бұл – шараның басты ерекшеліктерінің бірі еді. Себебі эстафетаның мақсаты тек жеңімпазды анықтау емес, ең алдымен отбасы мүшелерінің бірлігін көрсету болатын.

Қазақ халқының дәстүрлі тәрбиесінде «бірлік», «ынтымақ», «сыйластық» ұғымдары ерекше орын алады. Осындай құндылықтар эстафета барысында да анық көрініс тапты. Ата-аналар балаларына жол көрсетіп, жігер берсе, балалар өз кезегінде ата-аналарын қолдап, ортақ жеңіске ұмтылды.

Сайыстың қыза түсуіне қатысушылардың белсенділігі ерекше әсер етті. Әр кезең сайын тартыс күшейіп, командалар арасындағы ұпай айырмашылығы да азая түсті. Көрермендер өз отбасыларына жанкүйер болып, олардың әрбір жетістігіне қуанып отырды. Қолдау мен көтеріңкі көңіл-күй жарыстың сәнін келтіріп, іс-шараны шынайы отбасылық мерекеге айналдырды.«Отбасы: дәстүрден қазіргі заманға» деген атаудың өзі шараның мазмұнын айқындап тұр. Өйткені қазіргі қоғамда заман өзгергенімен, отбасының негізгі құндылықтары өзгермейді. Ата-ананы құрметтеу, баланы тәрбиелеу, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық, туған-туыспен араласу, салт-дәстүрді сақтау – қай заманда да маңызын жоғалтпайтын асыл қасиеттер.

Бүгінгі таңда цифрлық технологиялардың дамуы, әлеуметтік желілердің кең таралуы адамдардың қарым-қатынасына да өз әсерін тигізіп отырғаны белгілі. Осындай кезеңде отбасы мүшелерінің бір-бірімен жүзбе-жүз сөйлесіп, бірге уақыт өткізуі ерекше маңызды. Ал спорттық сайыс сияқты ортақ іс отбасы мүшелерін жақындастырып, өзара түсіністік пен сенімді нығайта түседі.

Эстафета барысында осы құндылықтардың барлығы өзара сабақтастық тапты. Отбасылардың жарысқа бірге қатысуы олардың күнделікті өмірде де бір-біріне қолдау көрсетіп, ортақ мақсатқа жұмыла алатынын аңғартты.

Сайысқа қатысушылар үшін бұл күн жай ғана жарыс емес, отбасылық қарым-қатынасты жаңа қырынан сезінуге мүмкіндік берген ерекше күн болды. Ата-аналар балаларының қабілетін байқап, балалар ата-аналарының жігері мен шапшаңдығына куә болды. Бір-бірін қолдау, қиындықта демеу болу, жеңіске бірге қуану – отбасылық байланыстың қаншалықты маңызды екенін тағы бір мәрте көрсетті.

Мұндай іс-шаралар ұлттық тәрбие тұрғысынан да аса маңызды. Себебі спорт пен салт-дәстүрді, отбасылық құндылық пен қазіргі заман талабын бір арнаға тоғыстыру – өскелең ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар берудің тиімді жолдарының бірі.

Отбасы – баланың алғашқы мектебі. Бала ата-анасының іс-әрекетін көріп, олардың қарым-қатынасынан үлгі алады. Сондықтан отбасында қалыптасқан жақсы дәстүрлер мен әдеттер баланың болашақ тұлғалық дамуына тікелей ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, ата-ананың баласымен бірге спорттық шараларға қатысуы да тәрбиенің бір түрі болып саналады.

Эстафеталық сайыс барысында қатысушылардың арасында тартысты әрі қызықты бәсекелестік орнады. Дегенмен жарыстың ең маңызды нәтижесі – кімнің бірінші келгені емес, отбасылардың бір-бірімен араласып, ортақ қуанышқа бөленуі болды.Әр отбасы өзара бірлігін және ынтымағын таныта білді. Қатысушылардың жүзінен жарысқа деген қызығушылықпен қатар, отбасымен бірге уақыт өткізудің қуанышы да байқалды.

Іс-шара соңында белсенділік танытқан отбасыларға алғыс білдіріліп, қатысушылардың еңбегі атап өтілді. Барлық отбасы командалары өздерінің ұйымшылдығымен, белсенділігімен және жоғары көңіл-күйімен ерекшеленді.

Осындай мазмұнды шаралардың ұйымдастырылуы – отбасы институтын нығайтуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және қоғамдағы өзара сыйластықты арттыруға қосылған маңызды үлес.

Қазақта «Ырыс алды – ынтымақ» деген сөз бар. Шын мәнінде, берекелі отбасының негізі – байлықта емес, бірлікте. Бір-бірін түсінетін, қолдайтын, қуаныш пен қиындықты бірге бөлісетін отбасы ғана мықты болады.

Ал мықты отбасы – мықты мемлекеттің негізі.

«Отбасы: дәстүрден қазіргі заманға» атты эстафеталық сайыс осыны тағы бір мәрте дәлелдеді. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, салауатты өмір салтын насихаттап, ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайтқан шара қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап қана қоймай, отбасының адам өміріндегі баға жетпес орнын сезінуге мүмкіндік берді.

Бүгінгі алты отбасының басын қосқан бұл эстафета – бірлік пен татулықтың, сыйластық пен сүйіспеншіліктің, салт-дәстүр мен заманауи тәрбиенің тоғысқан мерекесі болды.Отбасы – біздің тірегіміз. Отбасы – ұлттық тәрбиенің бастауы. Отбасы – жүрекке жылу сыйлайтын қасиетті мекен.Сондықтан әр шаңырақтың шаттығы мен берекесі артып, әр отбасында өзара сыйластық пен түсіністік орнасын! Ұлттық дәстүріміз ұлықталып, ұрпағымыз отбасылық құндылықтарды бойына сіңіріп өссін!

Берекелі отбасы – берік қоғамның негізі.



ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАНУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Ескелді ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы облысының Ескелді ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 7 ақпандағы № 23 «Ескелді ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы» қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4531 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Е.Ахметов ,
Аудан әкімі

О ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМ СИЛУ ПОСТАНОВЛЕНИЯ АКИМАТА ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА

В соответствии со статьёй 37 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», со статьёй 27 Закона Республики Казахстан «О правовых актах» аким Ескельдинского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Постановление акимата Ескельдинского района Алматинской области от 7 февраля 2018 года № 23 «Об определении видов и порядка поощрений, а также размера денежного вознаграждения граждан, участвующих в обеспечении общественного порядка в Ескельдинском районе» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 4531) признать утратившим силу.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего соответствующее направление заместителя акима района.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования..

Е.Ахметов,
Аким района

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАНУ ТУРАЛЫ

1	НҚА жобасының атауы (НҚА түрін көрсете отырып)	Ескелді ауданы әкімдігінің қаулысының күші жойылды деп тану туралы
2	Әзірлеуші мемлекеттік орган	«Ескелді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
3	НҚА жобасын әзірлеу үшін негіздер (тиісті НҚА немесе тапсырмаға сілтеме жасай отырып (бар болса)	«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес
4	НҚА жобасының қысқаша мазмұны, негізгі ережелердің сипаттамасы	Ескелді ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 7 ақпандағы № 23 «Ескелді ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы» қаулының күшін жою
5	Күтілетін нәтижелердің нақты мақсаттары мен мерзімдері	Мақсаты: қаулының күшін жою Мерзімдері: Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
6	НҚА жобасы қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге де салдар	Жобаны қабылдау теріс әлеуметтік және/ немесе экономикалық салдарға әкелмейді.

О ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМ СИЛУ ПОСТАНОВЛЕНИЯ АКИМАТА ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА

1	Наименование проекта НПА (с указанием вида НПА)	«О признании утратившим силу постановления акимата Ескельдинского района».
2	Государственный орган-разработчик	ГУ «Аппарат акима Ескельдинского района»
3	Основания для разработки проекта НПА (со ссылкой на соответствующий НПА или поручение (при наличии))	В соответствии со статьей 27 Закона о правовых актах
4	Краткое содержание проекта НПА, описание основных положений	Признать утратившим силу постановление акима Ескельдинского района за № 27 от 07 февраля 2018 года «Об определении видов и порядка поощрений, а также размера денежного вознаграждения граждан, участвующих в обеспечении общественного порядка в Ескельдинском районе»
5	Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов	Цель: Утратить силу постановления Сроки: Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.
6	Предполагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта НПА	Принятие проекта не повлечет отрицательных социальных и/или экономических последствий

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ алаяқтар eGov, құқық қорғау органдарының қызметкерлері ретінде өздерін таныстырып, азаматтарға электрондық цифрлық қолтанбаның (ЭЦҚ) қолданылу мерзімі аяқталғанын хабарлайтын жалған қоңыраулардың жиілеп кеткені туралы ескертеді.

Хабарласу барысында алаяқтар телефон арқылы ЭЦҚ мерзімін «ұзартуды» немесе «қайта шығаруды» ұсынады және азаматтардан SMS арқылы келген кодпен операцияны растауды сұрайды. ЭЦҚ-ны қайта шығару үшін бір ғана SMS-код жеткіліксіз екенін білу маңызды. Ол үшін белгіленген сәйкестендіру рәсімінен, оның ішінде биометриялық аутентификациядан өту қажет.

Көбінесе алғашқы қоңырау алаяқтық схеманың бір бөлігі ғана болады. Оның мақсаты – азаматтың алаңдаушылығын туғызып, сеніміне кіру. Осыдан кейін өзін «қауіпсіздік қызметінің жұмысшысы» ретінде таныстырған екінші алаяқ қоңырау шалуы мүмкін. Ол қандай да бір қауіптің бар екенін айтып, дербес деректерге, SMS-кодтарға немесе пайдаланушының құрылғысына қол жеткізуге тырысады.

eGov және 1414 байланыс орталығының, ХҚКО-ның, құқық қорғау органдарының қызметкерлері телефон арқылы SMS-кодтарды сұрамайтынын, ЭЦҚ кілтін немесе оған арналған парольді беруді талап етпейтінін атап өтеміз.

Осыған байланысты «ҰАТ» АҚ азаматтарды келесі қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырады:

-үшінші тұлғаларға SMS-кодтарды және ЭЦҚ деректерін хабарламау;

- бейтаныс қоңырау шалушылардың нұсқауларын орындамау;

-күмәнді сілтемелерге өтпеу;

-белгісіз қосымшаларды орнатпауға және оларға өз құрылғыңызға кіруге рұқсат бермеу;

- ЭЦҚ-ның қолданылу мерзімін өз бетінше тексеруге және тек ресми сервистерді пайдалану.

Мұндай қоңыраулар келіп түскен жағдайда әңгімеге кіріспеу, сұхбаттасушыға құпия деректерді бермеу және құқық қорғау органдарына жүгіну ұсынылады. Егер сіз алаяқтарға SMS-кодты хабарлап немесе ЭЦҚ деректерін беріп қойған болсаңыз, үрейленбеңіз. SMS-кодты алудың өзі ЭЦҚ-ны қайта шығаруға немесе несие рәсімдеуге мүмкіндік бермейді. Маңызды операцияларды жүзеге асыру үшін жеке тұлғаны қосымша растау, оның ішінде биометриялық сәйкестендіру қажет.

ЭЦҚ-ның қолданылу мерзімін eGov Mobile мобильді қосымшасындағы «Профиль» – «Менің ЭЦҚ-ларым» бөлімінен, сондай-ақ pki.gov.kz сайтында авторизациядан өткеннен кейін «Менің ЭЦҚ кілттерім» – «ЭЦҚ кілттерінің тізімі» бөлімінен тексеруге болатынын еске саламыз.

Қосымша ақпарат алу үшін мында хабарласуыңызды сұраймыз:
«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті
Анар Магзумова
+7 777 555 20 85
press@nitec.kz;
www.nitec.kz

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ



АО «Национальные информационные технологии» сообщает об участившихся случаях мошеннических звонков, в ходе которых злоумышленники представляются сотрудниками eGov, правоохранительных органов и сообщают гражданам об окончании срока действия электронной цифровой подписи (ЭЦП).

В ходе разговора мошенники предлагают «продлить» или «перевыпустить ЭЦП» по телефону и просят подтвердить операцию кодом из SMS. Важно знать: одного SMS-кода недостаточно для перевыпуска ЭЦП. Для этого необходимо пройти установленную процедуру идентификации, включая биометрическую аутентификацию.

Нередко первый звонок является лишь частью мошеннической схемы, направленной на то, чтобы вызвать тревогу и войти в доверие к человеку. После этого может позвонить второй мошенник - под видом сотрудника службы безопасности он сообщает о якобы существующей угрозе и пытается получить доступ к персональным данным, кодам из SMS или устройству пользователя.

Отмечаем, что сотрудники eGov и контакт-центра 1414, ЦОНов, правоохранительных органов не запрашивают по телефону SMS-коды, не просят передавать ключ ЭЦП или пароль к нему.

В связи с этим АО «НИТ», призывает граждан соблюдать следующие меры безопасности:

-не сообщать третьим лицам SMS-коды и данные ЭЦП;

-не выполнять инструкции неизвестных звонящих;

- не переходить по подозрительным ссылкам;

- не устанавливать неизвестные приложения и не предоставлять им доступ к своему устройству;

- самостоятельно проверять срок действия ЭЦП и пользоваться только официальными сервисами.

При поступлении подобных звонков рекомендуется не начинать разговор, не передавать собеседнику конфиденциальные данные и обратиться в правоохранительные органы. Если вы сообщили мошенникам код из SMS или передали данные ЭЦП, не поддавайтесь панике. Само по себе получение SMS-кода не позволяет перевыпустить ЭЦП или оформить кредит. Для совершения значимых операций требуется дополнительное подтверждение личности, включая биометрическую идентификацию.

Напоминаем, что проверить срок действия ЭЦП можно в мобильном приложении eGov Mobile в разделе «Профиль» – «Мои ЭЦП», а также на сайте pki.gov.kz после авторизации в разделе «Мои ключи ЭЦП» – «Список ключей ЭЦП».

За дополнительной информацией просим обращаться:
Департамент корпоративных коммуникаций АО «НИТ»
Анар Магзумова
+7 777 555 20 85
press@nitec.kz;
www.nitec.kz

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР, ӨЛШЕУСІЗ ЕҢБЕК



Ұстаздық – жай ғана мамандық емес, ұрпақ алдындағы үлкен жауапкершілік. Ұстаз өз өмірін шәкірт тәрбиесіне арнап, талай буынның жүрегіне білімнің шырағын жағады. Жылдар өткен сайын оның еңбегінің нәтижесі шәкірттерінің жетістігімен көрінеді. Сондықтан ұстаз еңбегін өлшейтін таразы да өзгеше.

Ескелді ауданында саналы ғұмырын білім саласына арнап, талай жыл бойы жас ұрпаққа білім мен тәрбие берген ардақты ұстаздардың бірі – зейнеткер математика пәнінің мұғалімі Мейрамгүл апай.

Мейрамгүл апайдың ұстаздық жолы – еңбекке адалдықтың, мамандыққа деген сүйіспеншіліктің және шәкіртке деген шынайы жанашырлықтың үлгісі. Ол үшін мұғалім болу – сабақ өткізіп, баға қоюмен ғана шектелмейтін. Ұстаздық – баланың бойындағы қабілетті байқап, оны дамыту, қиналған кезінде демеу болу, өмірден өз жолын табуына бағыт көрсету.

Математика – дәлдікті, сабырлылықты және терең ойлауды талап ететін пән. Ал оны оқушыға түсінікті әрі қызықты етіп жеткізу – үлкен шеберлікті қажет етеді. Мейрамгүл апай осы қасиеттерді өз бойына жинай білген білікті маман ретінде шәкірттерінің есінде қалды.

Оның сабағында әрбір есептің өзіндік мәні бар еді. Бір қарағанда күрделі көрінген тапсырманың шешімін іздеу арқылы оқушылар тек математикалық білім алып қана қоймай, ойлануға, ізденуге, қателіктен қорықпауға, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге үйренді.

Ұстаздың басты мақсаты – оқушыға дайын жауапты беру емес, сол жауапқа өз бетімен жетудің жолын үйрету. Мейрамгүл апайдың ұстаздық ұстанымы да осыған негізделді.

«Математика – есептер жиынтығы ғана емес. Ол баланы ойлауға үйретеді», – деген ұстаныммен жұмыс істеген ұстаз әр шәкіртінің сабақты түсінуіне көңіл бөлді. Қабілеті жоғары оқушылармен қатар, пәнді меңгеруде қиындық көретін балаларға да ерекше назар аударды.

Өйткені шынайы ұстаз үшін сыныптағы үздік оқушы ғана емес, әр баланың жетістігі маңызды.

Мейрамгүл апайдың еңбек жолына көз жүгіртсек, оның ұстаздық қызметі талай ұрпақтың тағдырымен сабақтас екенін байқаймыз. Оның алдынан өткен шәкірттер бүгінде еліміздің әртүрлі саласында еңбек етіп, өз отбасыларын құрып, қоғамның дамуына үлес қосып жүр. Бірі білім саласын таңдаса, бірі медицина, бірі экономика, енді бірі техникалық немесе ауыл шаруашылығы бағытында еңбек етіп жүрген болуы мүмкін.

Олардың әрқайсысының өмір жолында мектептегі ұстаздарының орны ерекше.

Ұстаз үшін бұдан асқан марапат жоқ.

Мейрамгүл апай да зейнетке шыққанымен, оның шәкірттерімен байланысы үзілген емес. Өйткені ұстаздық қызметтің ерекшелігі де осында: адам зейнетке шыққанымен, оның шәкірттерге берген білімі мен тәрбиесі жалғаса береді.

Ұстаздың айтқан бір ауыз сөзі, берген бір кеңесі кейде адамның бүкіл өміріне бағыт-бағдар болуы мүмкін.

Мейрамгүл апайдың бойындағы тағы бір ерекше қасиет – еңбекқорлық.

Ұстаздық қызмет сырт көзге қарапайым көрінгенімен, оның артында үлкен еңбек жатыр. Сабаққа дайындалу, оқушының білімін бақылау, әр баланың қабілетін ескеру, ата-анамен жұмыс істеу, түрлі мектепішілік және аудандық іс-шараларға қатысу – мұның бәрі мұғалімнің күнделікті жұмысының бір бөлігі.

Математика пәні мұғалімінен тек пәндік білім ғана емес, жоғары жауапкершілік пен шыдамдылық та талап етіледі. Мейрамгүл апай осы талаптың үдесінен шығып, өз мамандығын абыроймен атқарды.

Ол үшін мектеп – екінші үйі, ал шәкірттері – жүрегінің бір бөлшегі болды.

Жылдар өте келе ұстаздың еңбегі өз жемісін берді. Кезінде мектеп партасында отырып, есеп шығарған шәкірттері есейіп, өмірден өз орындарын тапты. Олардың әр жетістігі – ұстаз еңбегінің нәтижесі.

«Ұстаздың бақыты – шәкіртінің жетістігі» деген сөз бар. Бұл сөз Мейрамгүл апайдың өмір жолына да толық сәйкес келеді.

Бүгінде зейнет демалысында отырған Мейрамгүл апайдың бойынан еңбек адамына тән қарапайымдылық пен байсалдылықты көруге болады. Көп жылдық еңбегін үлкен жетістік деп дабыра қылмай, «менің міндетім – балаларға білім беру болды» деп қарапайым ғана қабылдайды.

Алайда қоғам үшін оның осы қарапайым еңбегінің өзі аса қымбат.

Өйткені бір дәрігердің артында оны оқытқан ұстаз тұр. Бір инженердің, заңгердің, есепшінің, кәсіпкердің, мемлекеттік қызметкердің немесе басқа да маманның қалыптасуына мектептегі ұстаздардың еңбегі сіңді.

Демек, Мейрамгүл апайдың еңбегі – тек математика пәнін үйретумен шектелмейді. Ол – ел болашағына үлес қосқан еңбек.

Еңбек адамы деген кім?

Еңбек адамы – өз ісіне адал, маңдай терімен нәпақасын тауып, қоғамға пайдасын тигізген жан. Бірі егін егеді, бірі мал бағады, бірі құрылыс салады, енді бірі бала оқытады. Мамандықтың әртүрлі болғанына қарамастан, олардың барлығын біріктіретін ортақ қасиет – адал еңбек.

Осы тұрғыдан алғанда, Мейрамгүл апай – нағыз еңбек адамы.

Ол өзінің бар күш-жігерін, білімін, уақытын жас ұрпақтың тәрбиесі мен біліміне арнады. Ұстаздық жолда кездескен қиындықтарға қарамастан, мамандығына деген сүйіспеншілігін жоғалтпады.

Бүгінгі жас мұғалімдер үшін Мейрамгүл апайдың еңбек жолы – үлкен мектеп.

Қазіргі білім беру саласы жаңарып, жаңа технологиялар енгізіліп, оқыту әдістемелері өзгеріп жатқанымен, ұстаздықтың негізгі қағидасы өзгермейді. Ол – балаға білім беру, оның қабілетін ашу және адам ретінде қалыптасуына ықпал ету.

Мейрамгүл апайдың тәжірибесі де осы құндылықтың уақыт өткен сайын өз маңызын жоғалтпайтынын көрсетеді.

Ұстаздың өмір жолы бізге тағы бір маңызды нәрсені үйретеді. Ол – қандай мамандықты таңдасақ та, оны шын жүрекпен атқаруымыз керек. Себебі жұмысты жай ғана міндет ретінде емес, қоғамға пайда әкелетін жауапты іс ретінде қабылдаған адам ғана өз еңбегінің нәтижесін көре алады.

Ескелді ауданы сияқты ауылдық жерде білім саласының дамуына үлес қосқан ұстаздардың орны ерекше. Ауыл мектебі – елдің ертеңін тәрбиелейтін үлкен орта. Сол мектептерде жылдар бойы еңбек еткен мұғалімдер талай буынның қалыптасуына ықпал етті.

Мейрамгүл апайдың да еңбек жолы – осындай үлкен тарихтың бір бөлігі.

Бүгінде оның шәкірттері ұстазының алдынан өткен жылдарын сағынышпен еске алады. Бір кездері қатаң талап қойған, есептің дұрыс шешілуін қайта-қайта тексерген ұстаздың сол талапшылдығы олардың өмірге деген көзқарасын қалыптастырғанын уақыт өте келе түсінері анық.

Шәкірт үшін ұстаздың қадірі жылдар өткен сайын арта түседі.

Кезінде қиын болып көрінген есептердің шешімін іздеу, тақтаға шығып жауап беру, бақылау жұмыстарына дайындалу – бүгінде балалық шақтың естелігіне айналды. Ал сол естеліктердің төрінде ұстаз бейнесі тұрады.

Мейрамгүл апайдың өмірі – еңбекпен өрілген ғибратты ғұмыр.

Зейнеткерлік – еңбек жолының аяқталуы емес. Бұл – жүріп өткен жолға көз жүгіртіп, кейінгі буынға ақыл-кеңес беретін кезең. Көп жылдық тәжірибесі бар ұстаздың әр сөзі, әрбір өмірлік кеңесі кейінгі ұрпақ үшін құнды.

Бүгінде Мейрамгүл апай өзінен кейінгі жас ұстаздарға тәжірибесімен бөлісіп, білім саласына деген құрметті дәріптеп келеді деп айтуға болады. Оның өмір жолы – «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген халық даналығының нақты көрінісі.

Адамның артында қалатын ең үлкен мұрасы – дүние-мүлік емес, жақсылық жасағаны мен тәрбиелеген ұрпағы.

Осы тұрғыдан алғанда, Мейрамгүл апайдың ең үлкен байлығы – оның шәкірттері.

Олар – ұстаз еңбегінің жалғасы.

Олар – оның өмір бойы атқарған жұмысының нәтижесі.

Олар – ұстаз жүрегіне жылдар бойы жиналған ең үлкен алғыс.

Ескелді ауданының білім саласында өзіндік ізін қалдырған Мейрамгүл апай секілді еңбек адамдары – кейінгі ұрпаққа үлгі. Олардың өмір жолын насихаттау арқылы біз жастарды еңбекқорлыққа, жауапкершілікке, мамандықты құрметтеуге тәрбиелейміз.

Еңбек – адамның абыройын асқақтататын ең үлкен құндылық.Ал ұстаз еңбегі – сол құндылықты келер ұрпақтың бойына сіңіретін қасиетті еңбек.Мейрамгүл апайдың ұстаздық жолы да осы қасиетті еңбектің жарқын үлгісі болып қала бермек.

Уақыт өтеді. Мектеп қабырғасында жаңа буын шәкірттер білім алады. Жаңа мұғалімдер келеді. Оқу бағдарламалары өзгереді. Бірақ бір нәрсе өзгермейді: шәкірт жүрегінде ұстаздың ізі қалады.

Мейрамгүл апайдың да сан жылдық еңбегі шәкірттерінің жүрегінде сақталып, оның есімі мен ұстаздық өнегесі кейінгі буынға жалғаса бермек.

Еңбекпен келген абырой – ең биік абырой. Ал ұстаз еңбегінің жемісі – елге қызмет ететін саналы ұрпақ.

Дара Дана

АО «ЕНПФ» НАПОМИНАЕТ О ВАЖНОСТИ СВОЕВРЕМЕННОГО ОФОРМЛЕНИЯ ПЕНСИЙ

ЕНПФ напоминает, что лица, имеющие пенсионные накопления в ЕНПФ, сформированные за счёт обязательных пенсионных взносов и (или) обязательных профессиональных пенсионных взносов, и достигшие общеустановленного пенсионного возраста, а также лица с инвалидностью первой и второй групп, если инвалидность установлена бессрочно, имеют право на получение пенсионных выплат из ЕНПФ по установленному графику.

Напомним, что пенсию по возрасту могут получать лица, достигшие общеустановленного пенсионного возраста: мужчины по достижении 63 лет, женщины по достижении 61 года в 2026 году.

Пенсионные выплаты из ЕНПФ осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений.

Для назначения пенсионных выплат из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста получателям необходимо своевременно обращаться в ЦОН по месту жительства. Документы в ЦОН вместе с заявлением можно подать за 10 дней до достижения получателем пенсионного возраста. Настоятельно рекомендуем соблюдать этот срок, т.к. это особенно важно для получения государственной пенсии, для назначения которой требуется проверка трудового стажа по представленным документам.

Пенсия назначается со дня обращения. При этом важно отметить, что при подаче заявления на пенсионные выплаты до достижения пенсионного возраста – днем обращения считается дата наступления пенсионного возраста, а в случае обращения после достижения пенсионного возраста – днем обращения считается дата регистрации заявления в Государственной корпорации «Правительство для граждан».

Кроме того, обращаем внимание, что будущим пенсионерам (потенциальным получателям), чьи номера телефонов зарегистрированы в базе мобильных граждан egov, с номера 1414 за 2 месяца до достижения пенсионного возраста направляется SMS-уведомление о возможности своевременного обращения в ближайшее отделение Государственной корпорации для получения услуг по назначению пенсионных выплат со ссылкой на перечень документов на сайте egov.kz. То есть государственными органами для оформления пенсионных выплат в предусмотренные сроки осуществляется рассылка соответствующих уведомлений, так как за пропущенный период выплаты не назначаются.

Между тем, по лицам, достигшим пенсионного возраста, имеющим пенсионные накопления в ЕНПФ и не обратившимся за их выплатой, ЕНПФ проводит ежегодную сверку совместно с Государственной корпорацией на предмет наличия у данных граждан назначенных пенсионных выплат по возрасту и государственной базовой пенсионной выплаты за счет бюджетных средств, по результатам которой ЕНПФ осуществляет выплату в проактивной формате, то есть беззаявительно.

Кроме того, с марта 2026 года аналогичный беззаявительный порядок пенсионных выплат внедрен за счет добровольных пенсионных взносов (ДПВ) лицам, достигшим пенсионного возраста, имеющим в ЕНПФ пенсионные накопления за счет ДПВ, ранее не обратившимся в ЕНПФ за их выплатой в связи с достижением пятидесятилетнего возраста или инвалидностью.

Беззаявительный порядок пенсионных выплат за счет ДПВ (при их наличии) предусматривает:

-автоматическое назначение ЕНПФ пенсионных выплат за счет ДПВ при обращении в Государственную корпорацию в установленном порядке с заявлениями на получении пенсии из государственного бюджета и выплат за счет обязательных пенсионных взносов и (или) обязательных профессиональных пенсионных взносов в связи с достижением пенсионного возраста;

-осуществление выплат за счет ДПВ в рамках проактивной услуги.

За выплатой в связи с установлением инвалидности, достижением 50-летнего возраста за счет ДПВ необходимо обращаться в подразделения ЕНПФ либо через личный кабинет на сайте ЕНПФ (enpf.kz) или в мобильном приложении ЕНПФ с использованием электронной цифровой подписи.

Обращаем внимание, что в ЕНПФ для лиц с инвалидностью организовано выездное обслуживание. При этом осуществляется предварительная консультация, в том числе проверка возможности получения услуг дистанционно, без выезда.

На сайте enpf.kz размещен перечень необходимых документов в зависимости от вида пенсионных выплат, способа их подачи, требования к оформлению документов, бланки заявлений и образцы их заполнения, образец доверенности. В разделе «Электронные сервисы» есть возможность предварительной проверки направляемых документов на пенсионные выплаты из ЕНПФ. ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателя, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет невостребованной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан "Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан", обеспечивает осуществление пенсионных выплат. Также Фонд осуществляет учет целевых активов и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz).

2026 ЖЫЛҒЫ 7 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН БАСҚАРУДЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН МҮМКІНДІКТЕРІНЕ ИЕ БОЛДЫ

2026 жылғы 7 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне енгізілген, салымшылардың өз зейнетақы жинақтарын басқару мүмкіндіктерін кеңейтетін өзгерістер күшіне енді. Жаңа өзгерістерге сәйкес, енді салымшы (алушы) жеке зейнетақы шотындағы (ЖЗШ) міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының 100%-на дейін инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) сенімгерлік басқаруына бере алады.

Бұл ретте МЗЖ және ЕЗЖ есебінен жинақтары бар салымшылар, сондай-ақ олар үшін МКЗЖ және ЕЗЖ аударылған жеке тұлғалар өздерінің сенімгерлік басқаруға берілетін жинақтарының көлемін дербес айқындауға, сондай-ақ қаржылық мақсаттарына сәйкес бір немесе бірнеше ИПБ-ны және бір немесе бірнеше инвестициял ық портфельді таңдауға құқылы.

Заңнамаға сәйкес, ИПБ үш инвестициялық портфельге дейін қалыптастыра алады: консервативті, қалыпты және тәуекелді. Олар тәуекел деңгейі, күтілетін кірістілік және инвестициялау мерзімдері бойынша ерекшеленеді. Әртүрлі инвестициялық портфельдерді таңдау мүмкіндігі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 37-1-бабында бекітілген. Оларды қалыптастыруға қойылатын талаптарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

Зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушылардың сенімгерлік басқаруына беру тәртібі және инвестициялық мүмкіндіктер туралы толық ақпарат БЖЗҚ сайтында және invest.enpf.kz платформасында қолжетімді.

Осылайша, зейнетақы жүйесі салымшы пассивті рөл атқаратын модельден адамның өзінің ұзақмерзімді зейнетақы жинақтарын басқаруға саналы түрде қатысуын көздейтін жүйеге біртіндеп ауысуда. Инвестициялық стратегияны таңдау мүмкіндіктерінің кезең-кезеңімен кеңеюі және зейнетақы активтерін басқару туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру салымшылардың болашақ зейнетақы табысын қалыптастыруға қатысты шешімдер қабылдауға белсендірек қатысуына жағдай жасайды.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

С 7 СЕНТЯБРЯ 2026 Г. ВКЛАДЧИКИ ЕНПФ ПОЛУЧИЛИ БОЛЬШЕ ВОЗМОЖНОСТЕЙ ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕНСИОННЫМИ НАКОПЛЕНИЯМИ



7 сентября 2026 года вступили в силу изменения в Социальный кодекс Республики Казахстан, расширяющие возможности вкладчиков по управлению своими пенсионными накоплениями . Согласно нововведениям размер пенсионных накоплений, передаваемых в доверительное управление частным управляющим инвестиционным портфелем (УИП), теперь может составлять до 100% средств за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) и добровольных пенсионных взносов (ДПВ), имеющихся на индивидуальном пенсионном счете вкладчика (получателя).

Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателя, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет невостребованной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан "Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан", обеспечивает осуществление пенсионных выплат. Также Фонд осуществляет учет целевых активов и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz).

При этом вкладчики ОПВ и ДПВ, а также физические лица, за которых перечислены ОППВ и ДПВ, могут самостоятельно определить объем своих накоплений, передаваемых в доверительное управление, выбрать один или несколько УИП, а также один или несколько инвестиционных портфелей в соответствии со своими финансовыми целями.

В соответствии с законодательством УИП могут формировать до трех инвестиционных портфелей: консервативный, умеренный, рискованный. Они различаются по уровню риска, ожидаемой доходности и срокам инвестирования. Возможность выбора различных инвестиционных портфелей закреплена в статье 37-1 Социального кодекса Республики Казахстан. Требования к их формированию определяются уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций.

Полная информация о порядке передачи пенсионных накоплений в управление доверительных управляющих инвестиционным портфелем и инвестиционных возможностях доступна на сайте ЕНПФ и на платформе invest.enpf.kz.

Таким образом, пенсионная система постепенно трансформируется от модели, где вкладчик играет пассивную роль, к системе, предполагающей осознанное участие человека в управлении собственными долгосрочными пенсионными сбережениями. Последовательное расширение возможностей выбора инвестиционной стратегии, повышение доступности информации об управлении пенсионными активами создают условия для более активного участия вкладчиков в принятии решений, связанных с формированием будущего пенсионного дохода.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателя, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет невостребованной суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан "Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан", обеспечивает осуществление пенсионных выплат. Также Фонд осуществляет учет целевых активов и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz).

«БЖЗҚ» АҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН УАҚЫТЫЛЫ РӘСІМДЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН ЕСКЕРТЕДІ

«БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар, жалпыға белгіленген зейнеткерлік жасқа толған, сондай-ақ мерзімсіз уақытқа бірінші және екінші топтағы мүгедектік белгіленген адамдардың БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін белгіленген кесте бойынша алуға құқығы бар екенін еске салады.

Еске сала кетейік, жасына байланысты зейнетақыны жалпыға белгіленген зейнеткерлік жасқа толған адамдар ала алады: ерлер – 63 жасқа, әйелдер – 2026 жылы 61 жасқа толғанда.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтары толық таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін зейнеткерлік жасқа толуына байланысты тағайындату үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) уақытылы жүгінуі қажет. Алушы зейнеткерлік жасқа толғанға дейін 10 күн бұрын ХҚКО-ға өтінішпен бірге қажетті құжаттарды тапсыра алады. Осы мерзімді қатаң сақтауға кеңес береміз, өйткені бұл мемлекеттік зейнетақыны алу үшін аса маңызды. Оны тағайындау кезінде ұсынылған құжаттар бойынша еңбек өтілін тексеру талап етіледі.

Зейнетақы өтініш берілген күннен бастап тағайындалады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш зейнеткерлік жасқа толғанға дейін берілген жағдайда, өтініш берген күн зейнеткерлік жасқа толған күн болып есептеледі. Ал зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін жүгінген жағдайда, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында өтініштің тіркелген күні өтініш берген күн болып есептеледі.

Сонымен қатар, телефон нөмірлері eGov мобильді азаматтар базасында тіркелген болашақ зейнеткерлерге 1414 нөмірінен зейнеткерлік жасқа толуына 2 ай қалғанда SMS-хабарлама жіберіледі. Хабарламада зейнетақы төлемдерін уақытылы тағайындату үшін жақын жердегі Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне жүгінуге болатыны туралы ескертіліп, egov.kz сайтындағы қажетті құжаттар тізбесінің сілтемесі көрсетіледі. Яғни зейнетақы төлемдерінің белгіленген мерзімде рәсімделуі үшін мемлекеттік органдар тиісті хабарламалар жібереді, өйткені өткізіп алған кезең үшін төлемдер тағайындалмайды.

Сонымен бірге, зейнеткерлік жасқа толған, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, бірақ олар бойынша төлем алу үшін жүгінбеген азаматтарға қатысты Қор «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен бірлесіп, осы азаматтарға жыл сайын жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің тағайындалған-тағайындалмағанын тексеру мақсатында салыстырып тексеру жүргізеді. Оның нәтижелері бойынша БЖЗҚ төлемдерді проактивті форматта, яғни өтінішсіз жүзеге асырады.

Бұдан бөлек, 2026 жылғы наурыздан бастап дәл осындай өтінішсіз тәртіп ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарына қатысты да енгізілді. Бұл тәртіп зейнеткерлік жасқа толған, БЖЗҚ-да ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары бар және бұған дейін 50 жасқа толуына немесе мүгедектігіне байланысты төлем алу үшін БЖЗҚ-ға жүгінбеген адамдарға қолданылады.

ЕЗЖ есебінен (болған жағдайда) зейнетақы төлемдерін өтінішсіз тағайындау тәртібі:

-зейнеткерлік жасқа толуына байланысты мемлекеттік бюджеттен зейнетақы және міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төлемдер алу үшін белгіленген тәртіппен Мемлекеттік корпорацияға өтініш берген кезде БЖЗҚ-ның ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін автоматты түрде тағайындауы;

-ЕЗЖ есебінен төлемдерді проактивті қызмет шеңберінде жүзеге асыру.

Мүгедектік белгіленуіне, 50 жасқа толуына байланысты ЕЗЖ есебінен төлем алу үшін БЖЗҚ бөлімшелеріне немесе ресми сайтындағы (enpf.kz) жеке кабинет арқылы, сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, БЖЗҚ мобильді қосымшасы арқылы жүгіну қажет.

Мүгедектігі бар адамдар үшін БЖЗҚ-да көшпелі қызмет көрсету ұйымдастырылған. Бұл ретте алдын ала ақыл-кеңес беріліп, қызметтерді қашықтан алу мүмкіндігі тексеріледі.

enpf.kz сайтында зейнетақы төлемдерінің түріне, құжаттарды ұсыну тәсіліне қарай қажетті құжаттар тізбесі, құжаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптар, өтініш бланкілері және оларды толтыру үлгілері, сондай-ақ сенімхат үлгісі орналастырылған. «Электрондық сервистер» бөлімінде БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алуға жіберілетін құжаттарды алдын ала тексеру мүмкіндігі қарастырылған.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

ӨМІРДІ ТАҢДА! ЕСІРТКІГЕ ЖОЛ ЖОҚ

Сенің бүгінгі денсаулығың – біреудің орындалмас арманы

Адам баласына берілген ең үлкен сый – өмір. Ал сол өмірдің мәнді әрі бақытты болуы үшін ең алдымен денсаулық қажет. Денсаулық бар жерде арман бар, мақсат бар, болашақ бар. Адамның бойында күш-қуат болып, ертеңгі күнге сеніммен қарауы – баға жетпес бақыт.Алайда кейде адам осы қарапайым ақиқатты дені сау кезінде бағалай бермейді. Өзінің еркін жүріп-тұра алатынын, жақындарымен бірге уақыт өткізе алатынын, білім алып, еңбек етіп, арманына ұмтылып жүргенін күнделікті қалыпты жағдай деп қабылдайды. Ал шын мәнінде, сенің бүгінгі денсаулығың – біреудің орындалмас арманы.Сондықтан өмірдің әр сәтін бағалап, өз денсаулығымызға жауапкершілікпен қарауымыз керек. Қазіргі қоғамды алаңдататын мәселелердің бірі – есірткіге тәуелділік. Бұл – жеке адамның ғана емес, оның отбасына, жақындарына және тұтас қоғамға әсер ететін күрделі әлеуметтік мәселе.

Есірткі адамның денсаулығына ғана емес, оның ойлау қабілетіне, мінез-құлқына, өмірлік мақсатына және қоршаған адамдармен қарым-қатынасына кері әсер етеді. Ең өкініштісі – адам есірткіні алғаш рет қолданғанда оның қандай зардапқа алып келетінін толық түсінбеуі мүмкін.«Бір рет байқап көремін», «ештеңе болмайды», «өзімді басқара аламын» деген ой қауіпті жолдың бастауы болуы ықтимал.Есірткі – қызығушылық емес. Есірткі – ойын емес. Есірткі – мәселенің шешімі емес.

Өмірде кез келген адамның басынан қиындық өтуі мүмкін. Біреу оқуына байланысты қиналады, енді бірі отбасылық мәселеге тап болады, тағы бір адам достарымен немесе айналасындағы адамдармен түсіністеушілікке ұшырайды. Кейде жалғыздық, күйзеліс, сәтсіздік адамға ауыр әсер етуі мүмкін.Бірақ қандай қиындық болса да, оны есірткі арқылы шешуге болмайды.

Керісінше, есірткі адамның мәселесін шешпей, оны одан әрі күрделендіреді. Уақытша ұмытқандай болған қиындық қайта оралады, ал оған жаңа мәселе – тәуелділік қосылады. Шынайы мықтылық – қиындықтан қашуда емес, оны жеңе білуде.

Егер адам қиын жағдайға тап болса, ең алдымен жақын адамдарымен сөйлесуі керек. Ата-ана, бауыр, дос, ұстаз немесе сенім артатын кез келген адам қолдау көрсете алады. Көмек сұрау – әлсіздік емес. Керісінше, өз өміріне жауапкершілікпен қараған адамның батылдығы.Жастар үшін қоршаған ортаның әсері де ерекше маңызды. Достардың пікірі, әлеуметтік желідегі ақпарат, түрлі бейнелер мен жалған «бедел» түсінігі кейде адамның шешіміне ықпал етуі мүмкін.Бірақ әр адам өз таңдауы үшін өзі жауап береді.Егер біреу «қорқақ болма», «бәрі қолданып жүр», «бір реттен ештеңе болмайды» деп есірткі ұсынса, нағыз батылдық – сол ұсыныстан бас тарта білу. «Жоқ» деп айту – өз өміріңді қорғау. Өз денсаулығын ойлайтын адам зиянды әдеттен аулақ болады. Себебі денсаулық – кейін қайта сатып алатын немесе жоғалтқаннан кейін оңай қалпына келтіретін дүние емес.

Есірткі адамның ағзасына ауыр салмақ түсіріп, тәуелділікке әкелуі мүмкін. Тәуелділік қалыптасқан кезде адамның мінез-құлқы мен күнделікті өмірі өзгере бастайды. Бұрын маңызды болған оқу, жұмыс, спорт, шығармашылық, достық және отбасы сияқты құндылықтардың орнына есірткіге деген қажеттілік алдыңғы орынға шығуы мүмкін.

Осының салдарынан адам өзінің болашағынан айырылып қалуы ықтимал.

Ал әрбір жас адамның алдында үлкен мүмкіндік бар.

Білім алу.

Мамандық таңдау.

Спортпен айналысу.

Шығармашылықпен айналысу.

Жаңа достар табу.

Саяхаттау.

Отбасына көмектесу.

Елге қызмет ету.

Өз арманына жету.

Осының бәрі – өмірдің шынайы қуанышы.

Есірткі адамға осы мүмкіндіктердің орнына бос уақытша әсер ғана ұсынады. Сондықтан таңдау анық болуы керек.

Есірткіге – ЖОҚ!

Өмірге – ИӘ!

Бүгінгі жастар – елдің ертеңі. Олардың дені сау, білімді, мақсатшыл болуы – қоғам үшін аса маңызды. Жас ұрпақтың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін отбасы, мектеп, қоғам болып бірлесе жұмыс істеу қажет.

Бұл бағытта ата-ананың орны ерекше.

Балаға тек «есірткі қолданба» деп айту жеткіліксіз. Ата-ана баласымен ашық сөйлесіп, оның мәселесін тыңдап, қызығушылығына көңіл бөліп, сенімді қарым-қатынас орнатуы қажет. Өз ойын еркін жеткізе алатын, ата-анасынан қолдау табатынын білетін бала түрлі теріс ықпалға қарсы тұра алады.

Отбасындағы жылулық пен түсіністік – баланың психологиялық тұрғыдан мықты болып қалыптасуының маңызды негіздерінің бірі.

Мектеп пен білім беру ұйымдарының да атқаратын қызметі зор. Оқушылар мен жастарға есірткінің зияны туралы ақпарат берумен қатар, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, спорттық және шығармашылық үйірмелерге тарту, пайдалы бастамаларға қатыстыру маңызды.

Себебі жастардың қызығушылығы дұрыс бағытқа бұрылған сайын зиянды әдеттерден алшақ болу мүмкіндігі де арта түседі.

Спорт – салауатты өмірдің тамаша негізі.

Спортпен айналысатын адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарайды. Жеңіске жету үшін табандылық танытады, тәртіпке үйренеді, өз күшіне сенеді. Бір қарағанда, спорт пен есірткі бір-біріне қарама-қарсы дүниелер сияқты көрінеді. Бірақ олардың арасындағы айырмашылық өте үлкен.

Бірі – адамды алға жетелейді.

Екіншісі – өмірін құрдымға апаруы мүмкін.

Сондықтан жастарға спортпен айналысу, шығармашылықпен шұғылдану, кітап оқу, білімін жетілдіру, еріктілік жұмыстарға қатысу секілді пайдалы бағыттарды таңдау қажет.

Өзіңе мақсат қой. Арман құр. Сол арманға жету үшін әрекет ет.

Өмірдің қызығы – жаңа нәрсе үйренуде, өз қабілетіңді ашуда, адамдарға пайда келтіруде.

Кейде адам өз өмірінің қадірін қиындыққа тап болғанда ғана түсінеді. Денсаулығынан айырылған адам бұрынғы күндерін сағынады. Еркін қозғала алмаған адам жүріп-тұрудың қандай бақыт екенін сезінеді. Жақынын жоғалтқан адам оның жанында болған кездерін аңсайды.

Сондықтан бақытты кейін іздеудің қажеті жоқ.

Бақыт – бүгін. Денсаулық – бүгін. Өмір – бүгін.

Сенің бүгінгі денсаулығың – біреудің арманы болуы мүмкін.

Сенің ата-анаңмен бірге өткізген бір күнің – ата-анасынан айырылған адамның арманы болуы мүмкін.

Сенің мектепке немесе жұмысқа еркін барып жүргенің – денсаулығына байланысты мұндай мүмкіндігі жоқ адамның арманы болуы мүмкін.

Сенің спортпен айналыса алуың – қозғалысы шектеулі адамның арманы болуы мүмкін.

Сондықтан өзіңе берілген мүмкіндіктерді бағала.

Есірткіге қызығу – өмірді тәуекелге салу.

Ал өмір – тәуекелге тігуге болатын ойын емес.

Адам өз тағдырын бір сәттік қызығушылық үшін құрбан етпеуі керек.

Қазіргі таңда есірткі туралы ақпаратты түрлі жолдармен таратуға тырысатындар да кездеседі. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігінде жастардың қызығушылығын пайдаланып, зиянды заттарды насихаттайтын немесе заңсыз айналымға тартуға тырысатын әрекеттер болуы мүмкін.

Сондықтан ақпараттық сауаттылық та маңызды. Бейтаныс адамдардың ұсынысына сенбеу, күмәнді хабарламаларға жауап бермеу, заңсыз әрекеттерге араласпау – әр адамның өз қауіпсіздігі үшін қажет.

Ең бастысы – есірткіге қатысты кез келген ұсынысқа нақты әрі батыл түрде «ЖОҚ» деп жауап беру.

«Жоқ» – қысқа ғана сөз. Бірақ кейде осы бір сөз адамның бүкіл болашағын өзгертуі мүмкін.«Жоқ» – өз денсаулығыңа деген құрмет. «Жоқ» – ата-анаңа деген жауапкершілік. «Жоқ» – достарыңа деген адалдық. «Жоқ» – өз арманыңа деген сенім.«Жоқ» – өмірді таңдауың.Ал «ИӘ» деп нені таңдау керек?

Өмірге – ИӘ! Денсаулыққа – ИӘ! Спортқа – ИӘ! Білімге – ИӘ! Арманға – ИӘ! Отбасыңа – ИӘ! Достыққа – ИӘ! Жарқын болашаққа – ИӘ! Өз қабілетіңді дамытуға – ИӘ! Елге қызмет етуге – ИӘ!

Біз әр адамның өмірін бағалайтын, жастардың болашағын ойлайтын қоғам құруымыз керек. Бұл үшін әрбір азаматтың жауапкершілігі маңызды.Жастарға айтарымыз: өмірдің қиындығынан қорықпаңыздар. Сәтсіздікке мойымаңыздар. Қиындықты есірткімен емес, біліммен, еңбекпен, спортпен, достықпен және жақындарыңыздың қолдауымен жеңіңіздер.Егер бір нәрсе мазаласа – іште сақтамаңыз. Сенетін адамыңызбен сөйлесіңіз. Көмек сұраңыз. Жақындарыңызға жүгініңіз. Өйткені кез келген мәселенің шешімі бар.Ал есірткі – шешім емес.

Ол мәселені жоймайды.

Ол адамның арманын орындамайды.

Ол бақыт әкелмейді.

Керісінше, адамның өзіне және жақындарына ауыр зардап әкелуі мүмкін.

Сондықтан бүгін өзіңізге бір қарапайым уәде беріңіз:

«Мен өз өмірімді бағалаймын. Денсаулығымды қорғаймын. Есірткіден аулақ боламын. Қиындыққа мойымаймын. Болашағым үшін дұрыс таңдау жасаймын!» Бұл – жай ғана ұран емес. Бұл – өмірге деген жауапкершілік.

Әр адамның болашағы өз қолында. Бүгін жасаған таңдауың ертеңгі өміріңе әсер етеді. Сондықтан бір сәттік қызығушылыққа бола үлкен арманыңды жоғалтпа.Сенің алдыңда әлі талай мүмкіндік бар.

Есірткіге – ЖОҚ!

Өмірге – ИӘ!

Өйткені өмір – бір-ақ рет беріледі. Ал оны мәнді, бақытты әрі жарқын ету – өз қолыңда.

ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКА КЕШЕНІ САЛАСЫН ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті отын-энергетика кешені саласындағы екі негізгі тауар нарығында бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізуді бастады.

Талдау Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің тапсырмасы бойынша Жетісу облысының географиялық шекараларында келесі бағыттар бойынша жүргізілуде:

-коммуналық-тұрмыстық көмірді қайталама көтерме саудада өткізу;

-бензинді (АИ-92, АИ-95) және дизель отынын (жазғы, қысқы, маусымаралық) бөлшек саудада өткізу.

Коммуналық-тұрмыстық көмір нарығын талдау аясында негізгі мақсат – жер қойнауын пайдаланушылардан көмір сатып алушылардың, соның ішінде өңірлік көмір операторларының құрамын зерделеу, сондай-ақ көмірді қайта сатумен айналысатын субъектілерді анықтау болып табылады. Автомобиль отынын бөлшек саудада өткізу саласында бензинге (АИ-92, АИ-95) және дизель отынының барлық маусымдық түрлеріне баға белгілеудің негізділігі, тапшылықтың туындау тәуекелдері және мұнай өңдеу зауыттарынан (МӨЗ) көлемдерді бөлудің ашықтығы талданады.

Талдау қорытындысы бойынша Департамент бәсекелестікке қарсы келісімдер белгілерінің болуы және бағаның алыпсатарлық өсуі тұрғысынан құқықтық баға беретін болады, сондай-ақ бәсекелестік ортаны дамыту, нарыққа кіру кедергілерін төмендету және Жетісу облысындағы сауда рәсімдерінің ашықтығын арттыру бойынша практикалық ұсынымдар әзірленетін болады.

АНАЛИЗ СФЕРЕ ТОПЛИВНО-ЭНЕРГЕТИЧЕСКОГО КОМПЛЕКСА

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу начат анализ состояния конкуренции на двух ключевых товарных рынках в сфере топливно-энергетического комплекса.

Анализ проводится по поручению Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан в географических границах области Жетісу по следующим направлениям:

-вторичная оптовая реализация коммунально-бытового угля;

-розничная реализация бензина (АИ-92, АИ-95) и дизельного топлива (летнее, зимнее, межсезонное).

В рамках анализа рынка коммунально-бытового угля основной задачей является изучение состава покупателей у недропользователей, включая региональных угольных операторов, а также выявление субъектов, занимающихся перепродажей угля. В сфере же розничной реализации автомобильного топлива анализируются обоснованность ценообразования на бензин (АИ-92, АИ-95) и дизельное топливо всех сезонных видов, риски возникновения дефицита и прозрачность распределения объемов от НПЗ.

По итогам анализа Департаментом будет дана правовая оценка на предмет наличия признаков антиконкурентных соглашений и спекулятивного завышения цен, а также выработаны практические рекомендации по развитию конкурентной среды, снижению барьеров входа на рынок и повышению прозрачности торговых процедур в области Жетісу.

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ОРГАННЫҢ НҰСҚАМАЛАРЫ ТОЛЫҚ КӨЛЕМДЕ ОРЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне мониторинг жүргізу аясында бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнама талаптарының сақталуына талдау жүргізді.

Мониторинг қорытындысы бойынша «Жетісу облысының білім басқармасы Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы», «№13 «Құралай» бөбекжай-бақшасы», «№14 «Айбөбек» бөбекжай-бақшасы», «Жетісу облысының білім басқармасы Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ай-жұлдыз» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарының және Көксу ауданы әкімінің аппараты жанындағы «Көксу жылу – су сервис» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жарғылық қызмет түрлері Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының талаптарына сәйкес келмегені анықталды, бұл бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманың бұзылуы болып табылады.

Анықталған заң бұзушылықтарды жою туралы Департамент тарапынан нұсқамалар шығарылды.

Бүгінгі таңда монополияға қарсы органның нұсқамалары толық көлемде орындалды.

ПРЕДПИСАНИЯ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ОРГАНА ИСПОЛНЕНЫ В ПОЛНОМ ОБЪЕМЕ

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу в рамках мониторинга деятельности государственных предприятий проведен анализ соблюдения требований законодательства в сфере защиты конкуренции.

По итогам мониторинга установлено, что уставные виды деятельности государственных коммунальных казенных предприятий «Ясли-сад 12 «Байтерек», «Ясли-сад №13 «Құралай», «Ясли-сад №14 «Айбөбек» государственного учреждения «Отдела образования по городу Талдыкорган Управления образования области Жетісу», «Ясли сад Ай-жулдыз» государственного учреждения «Отдела образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу» и государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Көксу жылу – су сервис» при аппарате акима Коксуского района не соответствовали требованиям постановления Правительства Республики Казахстан, что является нарушением законодательства в области защиты конкуренции.

В связи с выявленными нарушениями Департаментом вынесены предписания об их устранении.

На сегодняшний день предписания антимонопольного органа исполнены в полном объеме.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫН СОТ АРҚЫЛЫ ҚОРҒАУҒА ҚАТЫСТЫ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2026 жылғы 12 маусымдағы №88-НҚ нормативтік қаулысымен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің және Азаматтық процестік кодексінің жекелеген нормаларының Конституцияға сәйкестігі қаралды.

Конституциялық Сот Еңбек кодексінің 160-бабы бесінші бөлігінің бірінші және екінші абзацтарын келісу комиссиясына жүгінбей, тікелей сотқа жүгінуге құқығы бар жұмыскерлер үшін жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша сотқа жүгінудің үш айлық мерзімін белгілеу бөлігінде Конституцияға сәйкес емес деп таныды.

Конституциялық Сот жұмыстан шығарудың жұмыскер үшін елеулі құқықтық, материалдық және әлеуметтік салдарларға әкеп соғатынын атап өтті. Осыған байланысты жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша сот арқылы қорғалу мүмкіндігі жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілуге тиіс.

Осыған орай, Еңбек кодексіне тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін аталған санаттағы жұмыскерлердің жұмысқа қайта алу туралы даулары бойынша сотқа жүгіну мерзімі бір жыл болып есептеледі. Бұл ретте Еңбек кодексінің 160-бабы бесінші бөлігінің үшінші абзацы басшылыққа алынады.

Ескелді ауданының прокуратурасы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН АЛДЫН АЛУ

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – қоғамның тұрақты дамуы мен мемлекетке деген сенімді нығайтудың маңызды бағыттарының бірі. Бұл тек мемлекеттік органдардың емес, әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі.

Жемқорлыққа қарсы күрес ең алдымен оның алдын алудан басталады. Әр азамат өз құқығы мен міндетін біліп, заң талаптарын сақтауы және мәселелерді заңсыз жолмен шешуден бас тартуы қажет. Пара беру, пара алу, қызметтік мүмкіндікті жеке мақсатта пайдалану сияқты әрекеттер қоғамдағы әділдікке кері әсер етеді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда ашықтық пен заң талаптарының сақталуы маңызды. Мемлекеттік қызметтердің цифрландырылуы да жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді. Қызмет көрсету үдерісі неғұрлым ашық болған сайын, заңсыз әрекеттерге жол берілмейді.

Сонымен қатар қоғамда адалдық пен әділдік құндылықтарын қалыптастыру қажет. Бұл тәрбие отбасынан басталып, білім беру ұйымдарында жалғасуы тиіс. Әсіресе жастарға адал еңбек ету, білімге ұмтылу және заңды құрметтеу ұстанымдарын қалыптастырудың маңызы зор.

Әрбір азамат қоғамдағы заңсыз әрекеттерге бейжай қарамай, өз үлесін қосуы керек. Жемқорлыққа немқұрайлы қарау оның таралуына мүмкіндік береді. Сондықтан заңды сақтау және әділдікті қолдау – баршамызға ортақ міндет.

Қорыта айтқанда, сыбайлас жемқорлық мәселелерін алдын алу – тек жазалау шараларымен шектелмейді. Оның негізінде адалдық, құқықтық сауаттылық және азаматтық жауапкершілік жатыр.

Жемқорлықсыз қоғам құру әр адамның өзінен басталады. Адалдықты таңдасақ, әділ әрі жарқын болашаққа бірге қадам басамыз.

«Бақтыбай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің Жетекші маманы М.Серік

«ЖАЛҒЫЗАҒАШ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТӨМЕДЕГІДЕЙ ТҮРЛЕРІН КӨРСЕТЕДІ

«Жалғызағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде округ тұрғындарына «өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» орналасқан. Округ тұрғындары интернет желілері қосылған компьютерлердің көмегімен, керекті анықтамаларды ала алады.

«Жалғызағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 5 түрін ұсынады.

1.Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру.

2.Сауда-саттық (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекеттік меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарын алу.

3.Жер учаскелерін алу үшін кезекке қою.

4.Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру.

5.«Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату» мемлекеттік қызметі.

Сонымен қатар, «Электрондық үкімет» «egov.kz», «Электрондық лицензия» «e.license», порталдарына кіріп, электронды цифрлы қолтаңбамен тіркеліп, келесі қызметтерді онлайн түрде алуға болады: қашықтықтан ЭЦҚ ашу (электронды цифрлы қолтаңба), мекен-жай бойынша тіркеуге тұру; тіркеуден шығару; емханаға тіркелу; әскери есеп және қауіпсіздік құжаттары, жүргізуші куәлігінің уақытын ұзарту, жеке басында мүліктің тіркелуі, тіркелмеуі, соттылығы бар, жоқтығы туралы және денсаулығына қатысты анықтамалар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар үй кезегіне тұру, балаларға жәрдемақы тағайындауға өтініш білдіру, зейнетақы жинақтары туралы және тағы басқа анықтамаларды электронды, жылдам және тегін алуға болады.

Электронды порталмен жұмыс жасау кезінде қиындықтар туындайтын болса, әкімшілік қызметкерлерінен немесе 1414 номеріне хабарласып кеңес алуларыңызға болады.

Толық ақпаратты төмендегі көрсетілген мекен-жайымыздан біле аласыздар: Ескелді ауданы, Жалғызағаш ауылы, Ғ.Орманов көшесі №65.

Эл. мекенжайымыз: Zhalgyz.kimat@mail.ru

«Жалғызағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

АЛДАБЕРЕГЕНОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты 5 мемлекеттік қызмет түрін көрсететінін хабарлаймыз:

1.Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;

2.Жер учаскесін жеке меншікке бірден немесе бөліп төлеу арқылы сату;

3.Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;

4.Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу;

5.Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру.

Аталған мемлекеттік қызметтерді «электрондық үкімет» веб-порталы (eGov.kz) және қолданыстағы тәртіпке сәйкес электрондық мемлекеттік қызметтер көрсету порталдары арқылы алуға болады.Сонымен қатар, Алдабергенов ауылдық округі әкімшілігінің ғимаратында, тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде алуға арналған электрондық өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді. Бұрыш қажетті ұйымдастыру техникасымен жабдықталған және мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпараттық материалдармен қамтамасыз етілген.Мемлекеттік қызметтерді алу бойынша қосымша ақпарат алу үшін Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппаратына жүгінуге болады.

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ АЛДАБЕРГЕНОВСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА!

Доводим до сведения жителей, что Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа оказывает 5 видов государственных услуг:

1.Выдача решения об изменении целевого назначения земельного участка;

2.Продажа земельного участка в частную собственность единовременно либо в рассрочку;

3.Постановка на очередь для получения земельного участка;

4.Приобретение прав на земельные участки, находящиеся в государственной собственности, не требующие проведения торгов (конкурсов, аукционов);

5.Предоставление земельного участка из земель поселка, села.

Указанные государственные услуги могут быть получены посредством веб-портала «электронного правительства» (eGov.kz) и в соответствии с установленным порядком через электронные порталы оказания государственных услуг.Также сообщаем, что в здании акимата Алдабергеновского сельского округа функционирует уголок электронного самообслуживания, оснащенный необходимой оргтехникой и информационными материалами о порядке оказания государственных услуг.По вопросам получения государственных услуг жители могут обратиться в Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Бүгінгі таңда қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың қылмыс жолына түсуіне жол бермеу және жас ұрпақтың қауіпсіз ортада тәрбиеленуіне жағдай жасау.

Жасөспірімнің тұлға болып қалыптасуына ең алдымен отбасы, мектеп және қоршаған ортасы әсер етеді. Сондықтан бала тәрбиесіне тек ата-ана немесе мектеп емес, тұтас қоғам жауапты.

Отбасы – тәрбиенің негізі

Баланың мінез-құлқы мен дүниетанымының қалыптасуында отбасының орны ерекше. Ата-ананың балаға көңіл бөлуі, оның ортасын, достарын, бос уақытын бақылауы және кез келген мәселесін тыңдап, қолдау көрсетуі маңызды.

Отбасындағы жылы қарым-қатынас пен өзара түсіністік баланың өзін қауіпсіз сезінуіне ықпал етеді. Ал ата-ана тарапынан бақылау мен қолдаудың жеткіліксіз болуы жасөспірімнің теріс ортаға елігуіне себеп болуы мүмкін.

Мектептегі орта – маңызды фактор

Жасөспірімнің күнделікті өмірінің басым бөлігі мектепте өтетіндіктен, білім беру ұйымындағы психологиялық ахуалдың маңызы зор. Сабақ үлгерімі төмен немесе сыныптастарымен қарым-қатынасы қиын балаларды назардан тыс қалдырмай, оларға дер кезінде педагогикалық және психологиялық қолдау көрсету қажет.

Әрбір бала өзін мектеп ұжымының толыққанды мүшесі ретінде сезінуі керек. Оның бойындағы қабілетін байқап, дұрыс бағыт беру – құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді жолдарының бірі.

Бос уақытты тиімді пайдалану қажет

Жасөспірімнің бос уақытын қалай өткізетіні де оның қалыптасуына тікелей әсер етеді. Спорттық секциялар мен үйірмелерге қатысу, шығармашылықпен айналысу, мәдени және қоғамдық іс-шараларға белсенді араласу баланың уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді.

Бос уақытын пайдалы іске арнаған жасөспірімнің теріс әдеттерге және жағымсыз ортаға елігу ықтималдығы төмендейді. Сондықтан ата-аналар мен жауапты мекемелер балалардың қызығушылығына сай үйірмелер мен спорттық бағыттарға тартылуына жағдай жасауы қажет.

Профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілуде

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында «Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ауылдық округтегі тиісті мекемелермен және учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп, профилактикалық жұмыстар жүргізуде.

«Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

HABARLANDYRU

Назарларыңызға мынаны жеткіземіз: 2026 жылғы 21 қазан сағат 11:00-де Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Төленгіт ауылдық округі, Жетісу ауылында орналасқан малқорымы-Беккари шұңқырына (координаталары: 78°37'26.18"С 44°51'6.27"В) қатысты Шекті рұқсат етілген шығарындылар (ЖБШН) жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭББЖ) бағдарламасы және Қалдықтарды басқару жоспары (ҚББЖ) бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Өтетін мекен-жайы: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Төленгіт ауылдық округі, Екпінді ауылы, мәдениет үй

Тапсырушы: «Жетісу облысы Ескелді ауданы Төленгіт ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, БСН 130340004742, тел. 87283625138

Орындаушы: «БиК Эколоджи» ЖШС, БСН 151040023161, Алматы қ., Толе би, 189Д, офис 510/1, 8 777 113 5757

Zoom платформасында бейнеконференц байланысы: идентификатор: 857 0919 5044, құпия сөз: 2vVpa9

https://us05web.zoom.us/j/85709195044?pwd=rKH8w1py4z5waeFaBfhywXvQBx7z0v.1

Құжаттамамен ҚО ТРЖ ҰДБ ақпараттық жүйесінде (https://ndbecology.gov.kz), сондай-ақ жергілікті атқарушы орган - «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің веб-сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/activities/directions?lang=ru танысуға болады.

Ұсынылып отырған қызметке қатысты қосымша ақпарат алу үшін хабарласыңыз e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, тел.: 8 (7282) 32-92-67

Пікірлер мен ұсыныстарды ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінің веб-сайты арқылы немесе ЖО ТР және ТПР басқармасының бас маманына: priroda@zhetisu.gov.kz электрондық поштасы жолдауға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Сообщаем, что 7 октября 2026 года в 11:00 ч, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту НДВ, программам ПЭК, ПУО для полигона ТБО, расположенного по адресу: Жетысуская область, Ескельдинский район, Толенгутский сельский округ, с. Екпінді, координаты участка 78°37'26.18"С 44°51'6.27"В

Место проведения: Жетысуская область, Ескельдинский район, Толенгутский сельский округ, с. Екпінді, дом культуры

Заказчик: ГУ «Аппарат акима Туленгутского сельского округа Ескельдинского района», БИН 130340004742, тел. 87283625138

Разработчик: ТОО «БиК Эколоджи», БИН 240140023185, г. Алматы, ул. Толе би, 189Д, офис 510/1, тел 8 777 113 5757

Видеоконференцсвязь на платформе Zoom: идентификатор: 857 0919 5044, пароль: 2vVpa9

https://us05web.zoom.us/j/85709195044?pwd=rKH8w1py4z5waeFaBfhywXvQBx7z0v.1

С документации можно ознакомиться на информационной системе НБД СОС и ПР (https://ndbecology.gov.kz) и на сайте местного исполнительного органа - https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/activities/directions?lang=ru, для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности обращаться e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, тел.: 8 (7282) 32-92-67

Замечания и предложения принимаются на сайте Информационной системы ndbecology.gov.kz, также по адресу: Главный специалист УПР и ПР Жетысуской области priroda@zhetisu.gov.kz

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1192 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.

Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ